



ДЕПУТАТТАР –  
ЕЛ АРАСЫНДА

2-бет



Геройхан ҚЫСТАУБАЕВ:

ҰЛТЫМ ҮШІН  
КҮРЕСПЕЙ ТҰРА  
АЛМАЙМЫН!

7-бет



КАЗАХСКИЕ РУССКИЕ:  
ДЕЛИКАТНЫЕ,  
МЯГКИЕ И ОТКРЫТЫЕ

12-бет

# ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№33 (799), 27 тамыз, 2018


## БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫ НЕГЕ БАҒАЛАМАЙМЫЗ?

ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІ ДЕНІ САУ ХАЛЫҚ ҚАНА ҚҰРА АЛАДЫ



Қалай десек те, жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатып ананы босандыра алмау ұятты жағдай. Ғылым мен техниканың дамымаған кезінде, бағзы заманнан бері біздің әжелеріміз келіндерін өз қолымен үйінде аман-есен босандырып немере сүйген. Ал біз болсақ жоғары білімді, қалтасында табақтай дипломы бар дәрігер мамандарымыз бола тұра дәрменсіз күй кешудеміз. Жоғары білімді мамандарымыз ауылдың қарапайым кемпірлері құрлы болмағаны ма? Исекешов айтқандай енді Израильден тәжірибелі дәрігерлерді шақыртпақ екенбіз. Сонда еврейлердің әйелдері ғана бала туып жүр ме екен?

3  
бет



### КЕҢ ОЙДЫҢ КЕМЕЛ БИІГІ

– Ә, кел, кел, – деді академик есіктен кіріп келе жатқан мені көріп.  
– Ассалаумағалейкум, Әлеке!  
– деп ұмтылып барып төрдегі жұмсақ диванда отырған ақсақалдың қолын алдым.  
– Анау орындықты әкеліп, бері жақынырақ жайғас, – деді Әлекең.

8-9  
бет

## ХАЛЫҚТЫҚ БАНК ХАЛЫҚТЫ ҚАНАУДЫҢ «ЖАҢА ЖОЛЫН» ОЙЛАП ТАПТЫ...

...Үш баланың анасы күйеуінен ажырасып жатыр. Ажырасуға мәжбүр етіп отырған – екінші деңгейдегі банктердің «прибыль – здесь и сейчас!» деген халықты тонаушылық саясатының салдары. Олар үшін ҚР Конституциясының 25-бабында жазылған «отбасының жалғыз баспанасына қол сұғуға болмайды» деген талап та жай сөз...

5  
бет



Талғат ТЕМЕНОВ:

БАЯН, КЕРЕК БОЛСА,  
«КОРОВАСЫНЫҢ»  
ЖАЛҒАСЫН ТҮСІРСІН

6  
бет

## ОТКУДА КОРНИ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕСТУПНОСТИ?

Убийство известного спортсмена Дениса Тена отчасти открыло скрываемое лицо казахстанской преступности. В СМИ и социальных сетях это вызвало всплеск материалов об этой стороне жизни – преступность в республике на высоком уровне. Однако официальные власти дали понять: никакой реформы правоохранительных органов не будет, у нас все нормально – наблюдается снижение преступности на 10 %.



10  
бет

## ӨНДЕУ САЛАСЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Атырау облысында іссапармен болып өндіріс ошақтары мен оқу орындарын аралап, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңеске қатысты.



Елбасы аймақ басшысы Нұрлан Ноғайевтың жалпы жұмысына оң баға бергенмен, кейбір орын алған кемшіліктерді де атап өтті. Атап айтқанда, облыстың ішіндегі 2 мың шақырым автомобиль жолының жартысы нашар жағдайда екенін ескертті. Сол сияқты мемлекеттік саясат арқасында байып алғандардың бағалы киім киіп, қымбат көлік мініп, зәулім үй салып мақтанатындарын сауатсыздыққа балады.

Атырау облысы өңдеу секторын дамыту қажеттілігіне баса назар аударған Елбасы: «Облыста 2017 жылы ағымдағы жылмен салыстырар болсақ, мұндай инвестиция көлемі жарты есеге қысқарып кеткен. Сондықтан, өңдеу өнеркәсібіне инвесторлар-

ды тарту өте қажет. Мұнай-химия кластерін дамыту керек. Мысалы, біз өте көп алюминий шығарамыз. Ол қажет металл. Біздің бокситіміз бар. Оны алюминий ретінде өндемей сыртқа сататынбыз. Қазір мінекей 250 мың тонна таза алюминий шығаратын болдық. Ол алюминийден неше түрлі заттар шығару үшін ары қарай өңдеу қажет. Біз дүниеде мысты ең көп сататын елміз – 500 мың тон-

на. Мыстан кабель де, ыдыс та, барлығы да шығады. Соны жасау керек», – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Атырау өнірінде полипропилен өндірісін жолға қоюға 2,6 млрд. доллар, полиэтиленге 4,6 млрд. доллар жұмсалатынын еске салды. Сол сияқты мұнай-газ саласында тауарларды өндіру және қызмет көрсету мүмкіндіктері мол екендігін атап айтты.

## ЖЕТІМ БАЛАЛАРҒА ЖОЛДАМА БЕРІЛДІ

Түркістан облысында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 39 мектеп бітіруші түлек жоғары оқу орындарына жолдама алды.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы елдің болашағы білімді жастардың қолында екенін үнемі айтып келеді. Сондай-ақ, мемлекетіміз өскелең ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына барынша жағдай жасауда. Міне, бүгінгі көрініс – соның айғағы. Барлығын білім сынағынан сүрінбей өтіп, жоғары

оқу орнына жолдама алып отырсындар. Енді білімдеріңді шындап, болашақта өңіріміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосасындар деп сенемін. Ал, шектік деңгейден өтпеген 104 түлек қалаған мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ақысыз білім алу мүмкіндігіне ие болады. Осы ретте балаларымыздың ақысыз негізде оқуына демеушілік танытып отырған жоғары оқу орындарының басшыларына алғыс айтқым келеді», – деді облыс әкімі Жансейіт Түймебаев

салтанатты шарада. 2017-2018 оқу жылында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 197 бала 11-сыныпты бітірсе, оның 35-і – балалар үйінің түлектері. Оның 190-ы ҰБТ-ға қатысып, 86 оқушы шектік деңгейден өтсе, 7 түлек жұмыс істеуге ниет білдірген. Сынақтан сүрінбей өткен 3 оқушы еліміздің басқа өңірлерінде білім алуға шешім қабылдады. Тағы 44-і мемлекеттік тапсырыс арқылы, қалған 39 мектеп бітіруші облыс аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында білім алады.

## ДӘМЕСІ ЗОР БАНКТЕР ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА КӨЗ ТІГІП ОТЫР

Жекеменшік банктерге зейнетақы қорынан 200 млрд. теңге экономика- ны қолдау мақсатында несие ретінде берілмек. Бірақ бұл бағдарламаға тек өз капиталы 60 миллиард теңгеден асатын қаржы ұйымдары ғана қатыса алады.

Әзірге мұндай жеке капитал еліміздегі тек 5-ақ банкте бар. Ұлттық банктің осы ұсынысына олар алақанын ысқылап отыр. Қаржы институттары ақшаны нарықтағы жағдайға сай алуына болады. Яғни, ол үшін банктік облигациялар Қазақстан қор биржасында жарияланады. Өзге инвесторлар қатыспаған жағдайда бір ойыншының шығарылған бағалы қағаздың 50 пайызынан артығын алуға мүмкіндігі болмайды. Қазірдің өзінде зейнетақы қорындағы актив есебінен алынған облигациялар сатылымға шығарылған. Бірақ саясаттанушылар бұл бастаманың ел қаржысының көмегімен банктерді құрдымнан шығарудың кезекті әрекеті екендігін алға тартып отыр.

– Жуырда ғана президент Ұлттық қор есебінен банктерге көмек көрсетілмесін деген еді, енді зейнетақы қорындағы ақшаға көз тігіп отыр. Бұл оған дейін де жасалған еді. Қаржының басым бөлігі дефолтқа ұшыраған банктерге берілген. Салық төлеушілер өз ақшасын несие ретінде алады, ал қаржы ұйымдары пайда табады, – дейді саясаттанушы Досым Сәтбаев.



## «АҚЫЛЫ ЖОЛ» ӨЗІН АҚТАЙ АЛА МА?

Қыркүйектен бастап үш автожол ақылы болады. 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» Мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ақылы жүйені енгізу жоспарланған.

«Жолдың ақысы республикалық маңызы бар жолдардың 27 пайызынан алына бастайды. Оның жалпы ұзындығы 6,5 мың шақырым», – деді «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Темірхан Мендіғалиев ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында. Ол қазіргі кезде «Астана – Теміртау», «Алматы – Қапшағай» және «Алматы – Қорғас» автожолдарында ақылы жүйені енгізу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында жүйе сынақ түрінде пайдаланыла бастайды.

Бізге жұтар ауа ғана тегін, қалғанының бәрі ақылы. Оған қоса оның бағасы тұрақты түрде өсіп тұрады. Ал, қызмет деңгейі сол қалпында қалып отыр. Мемлекет, яғни халық қаржысына салынған жолдан түскен пайда қайда кетеді, тағы да бір жекеменшік пысықайдың қалтасын толтырып жүрмей ме? Ол жолдардың алдағы уақытта сапасы қандай болмақ? Ақысын төлеп, әдеттегідей шұрық-тесік жолдардың шаңын бұрқыратып жүрмейміз бе? Сонда автокөлікке салықты не үшін төлеп жүрміз? Жүргізушілерді осындай сұрақтар мазалайды.

## ДЕПУТАТТАР – ЕЛ АРАСЫНДА

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Азат Перуашев пен Жамбыл Ахметбеков жұмыс сапарымен Қарағанды облысына келді.

Мәжілісмендер Елбасының бес әлеуметтік бастамасының орындалу барысымен танысты. Олар Осакаров ауданындағы наубайхананы, құрышты қала Теміртаудағы тігін фабрикасы мен Қарағандыдағы салынып жатқан құрылыс нысандарын аралап көрді.

Халық қалаулыларын толғандырған тағы бір өзекті мәселе, бизнес өкілдерінің шағын несиенен қамтамасыз етілуі болды. Бизнесті қолдау үшін биылғы жылы мемлекет қосымша 20 млрд. теңге бөліп, оның жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізу көзделген.

– Біз кәсіпкерлерді оқытамыз. Олардың қоғамға әкелер пайда-

сын да көруіміз қажет. Оларға жағдай жасап, бизнестерін жүргізуге мүмкіндік беру керек. Міне, біз Осакаров ауданындағы проблемалық мәселенің куәсі болдық. Бөлінген қаржы кәсіпкерлерге жетпеген. Бұл өзекті мәселе, – деді Азат Перуашев.

Азат Перуашев пен Жамбыл Ахметбековтер «7-20-25» қолжетімді баспана мәселесімен де жіті танысты. Дәл осы күн депутаттардың қатысуымен «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалы ғимаратында кеңейтілген жиыны өтті. Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жетекшілері филиал төрағасының бірінші орынбасарлары мен депутаттар, кәсіпкерлер жұмыс пен қамту орталығының жетекшілері қатысты.

Сейітқали ӘШІМ  
kartv.kz



Астанада орыс тілді сыныптар біртіндеп мемлекеттік тілге көшіріледі. Қазақ тілі алдымен сабаққа енгізіледі. Сөйтіп, тұтас сыныпты мемлекеттік тілге көшіру жоспарланған, – деп хабарлады Астана қалалық білім басқармасының басшысы Әнуар Жанғозин.

## ОРЫС ТІЛДІ СЫНЫПТАР ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КӨШЕДІ

Оның айтуынша, биыл ата-аналардың ұсынысымен «жаңашыл сыныптарды» ашу жобасы қолға алынады. «Жоба мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған. Негізгі идеясы – орыс тілінде білім алатын сыныптарды кезек-кезеңімен мемлекеттік тілдегі сыныптарға айналдыру. Іс жүзінде бірінші сыныпқа келетін балалар бастапқыда сабақта ақпараттың 70 пайызын орыс тілінде, 30 пайызын

қазақ тілінде оқиды. Ал бесінші сыныпқа барғанда оқыту тілі толығымен мемлекеттік тілге көшірілетін болады. Жаңа оқу жылында осындай сыныптарды 60-шы мектеп-лицейі негізінде ашпақпыз. Сонымен қатар, дәл сондай әдіс қыздарға арналған білім-инновация лицейінде биыл ашылатын бесінші сыныптарға да енгізілетін болады», – деді Ә.Жанғозин мұғалімдердің тамыз конференциясында.

## МҰҒАЛІМДЕР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Астанадағы мұғалімдердің Тамыз конференциясында бірқатар мекемелерге әкім гранттары берілді. Ал бірнеше мұғалімге пәтер кілттері салтанатты түрде тапсырылды.

Атап айтқанда, 10 млн. теңге көлеміндегі грант 54-ші балабақшаға, 70-ші мектеп пен политехникалық колледжге берілді. Ләззат Атыбай, Жақсылық Шайхина, Ғайшагүл Жұрқабаева, Гүлхан Мазова, Евгения Климова, Альбина Нартаева, Айнұр Бұлақбаева, Мейрамгүл Махамбетова, Айгүл Күнен сияқты ұстаздар мен білім басқармасының бөлім басшысы Гүлім Жүсіповаға пәтер кілттері табысталды. Бұдан бөлек, шара барысында бірқатар мұғалімдер «ҚР Білім беру ісінің құрметті

қызметкері» төсбелгісінің иегері атанды. Олардың қатарында Роза Болатбаева, Майраш Ысқақова, Лариса Светова, Гүлнәр Тәжібаева, Марина Коваль, Жанар Молдабаева, Ляззат Асанова мен Гүлжанат Шөкеевалар бар.

Бүгінде республика бойынша бір мектепке шамамен 800-1500 оқушыдан келеді. Ал, елордада аталған көрсеткіш 1500-ге жетіп отыр. Алдағы бес жылда Астанаға тағы 120 мыңнан астам оқушы келеді деген болжам бар. «2011 жылы елорда мектептерінде 75 мың оқушы оқыса, былтыр аталған көрсеткіш 140 мыңға жетті. Биыл 155 мың оқушы болады деп отырмыз. Осыған байланысты алдағы бес жылда мемлекеттік бюджеттің есебінен 24 мектеп салынады», – деді Ә.Исекешев.

**Егеменді еліміздің Атазаңының бірінші бабында мемлекетіміздің басты құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы мен еркіндігі екендігі алдымен атап айтылған. Осы заңның 29- бабында Қазақстан азаматтары денсаулығын сақтауға, тегін кепілдендірілген медициналық көмек алуға құқылы екендігі де тайға таңба басқандай көрсетілген. Одан қалды үкіметіміздің қаулы-қарарларында да тұрғындарымыздың денсаулығын сақтауға қатысты бірқатар қамқорлыққа толы құжаттар қабылданғанын білеміз. Заңдарымыз бен қабылданған құжаттарға айтар қарсылығымыз жоқ. Қағаз бетінде бәрі дұрыс, бәрі әдемі жазылған. Ал іс жүзінде сол заңдарымыз бен қағидалар қалай іске асырылып жатыр? Бұл дау тудыратын үлкен мәселе...**

Соңғы кезде жиілеп кеткен ана өліміне қатысты үкіметтің кезекті отырысында премьер-министр Бакытжан Сағынтаевқа Елжан Біртанов пен Әсет Исекешов есеп берді. Министр маман тапшылығына шағымданып, қазіргі таңда 8 облыста босану орталықтарында жауапты басқарма басшысының орны бос тұрғанын айтып ақталды. Елде күнделікті 400 нәресте дүниеге келеді екен. Ал оларды босандыратын 340 акушер-гинеколог жетіспейтін көрінеді. Қала әкімі Исекешов болса Израильден тәжірибелі мамандар шақырып, астаналық дәрігерлерді оқытамыз деп тың жол тартқандай болды. Осының алдында ғана қаза болған астаналық келіншек небары 34 жаста екен. Марқұм үшінші баласына босанған соң күрт нашарлаған. Әйтеуір нәресте аман қалыпты. Елжан Біртанов Астана қаласы бойынша амбулаториялық деңгейде қандай қызмет көрсетілді соның бәрін тексеріп жатырмыз

тәжірибе – әйел босандыру осы күнге дейін белгісіз болып келген ғылымның жаңа түріне айналғаны ма? Бұл әдеттегідей халықтың ақшасын шашу. Шетелдік мамандар әрі-бері жолы, жатын орны мен еңбегіне қомақты ақша бермесең Қазақстан жаққа көз қырын да салмайтыны белгілі. Қит етсе шетел дейтін шенеуніктердің осы бір «тапқырлығы» қашан тоқтайды екен? Өз мамандарымыздың әлеуметтік жағдайын дұрыстап, олардың сапалы қызмет етуіне қашан жағдай жасаймыз?

Тағы бір «жараның» аузынашып көрелік. Ол тікелей дәрі-дәрмекке байланысты, онсыз ем-дом жасау мүмкін емес. Медицинаның бұл саласында қаншама дау-дамай болғанын білесіздер. Елбасының өзі «Самұрық-Қазына Фармацияның» кәсіпорнын тексеріп, қатаң шара қолдануды тапсырғаны белгілі. Жаппай тексерулер барысында көптеген былықтардың беті ашылып, қаншама қаржылық заң

сынан пайда тапқан. Лариса Пак ұзақ жылдар бойы денсаулық сақтау министрлігінің фармация саласында болған. Тәжірибелі басшы маман жемқорлықпен айналысса қол астындағылар не істемейді? Жақында ғана Астанадағы жеті бірдей дәріханада рұқсат етілмеген дәрі сатылып келгені анықталды. Бұл туралы Фармация департаментінің басшысы журналистерге берген сұқбатында өзі айтты. Бұл препарат жүкті әйелдерге шаранасын сақтап қалу үшін беріледі. «Утрожестан» дәрісінің қаптамасы-ақ күдік тудырған. Мұқабадағы жазба орыс тілінде. Ал елдегі заңнамаға сай ол міндетті түрде мемлекеттік тілде де жазылуы тиіс. Дәрі түпнұсқадан мың теңгеге арзан сатылыпты. Бұдан да басқа дәрілердің заңсыз сатылып жатпағанына кім кепілдік бере алады? Әзірге рұқсат етілмеген дәріні сатты деп айыпталған 7 дәріханаға байланысты іс сотқа жолданды. Ал ол дәрінің жүкті әйел-

Жемқорлыққа қарсы қызметі жүргізген жұмыстардың нәтижесінде жалған медициналық құжаттарды дайындаумен айналысатын топтың қылмыстық әрекетінің жолы кесілді. Ал мұндай қылмыс бір ғана Астанада орын алып жатпағаны жасырын емес.

Мына бір мәселе де санаға сыйымсыз. Науқастарға ота жасау медицинада жиі қолданылады. Бір кызығы, хирург ақша бермесеңіз қолына пышағын алмайды. Құдды бір мемлекеттік ауруханаларда ақылы отау жасау заңдастырылып қойғандай. Сонда хирургтер қызметі үшін мемлекеттен айлық алмайтын болғаны ма? Алады, оған қоса науқастардан параны да талап етеді. Бұл қылмыс емес пе?

Ол да ештеңе емес. Тіріден қолақы алуды түсінуге болатын шығар. Ал мәйіттен ақша алуды естүіңіз бар ма? Өлген адамға сараптама мен зерттеу жасағаны үшін туысқандарынан ақша талап ету де бізде кең етек алған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Қарағанды облысы бойынша сот сараптамасы институты» РМҚК-нің директоры Ибатов және оның орынбасары Нармағамбетов параны жүйелі түрде алып келгенін анықтады. Мұндай жағдай Алматыдағы мәйітханада да жиі кездеседі. Онсыз да қара жамылған адамдарды қинау ешқандай адамгершілік шеңберіне сыймағанын біздің дәрігерлер білмегені ме? Бұл адам жанына араша тұруға тисті ақ халаттылардың араны ашылып кеткенін көрсетеді емес пе?

Үкімет тарапынан осы жемқорлыққа қарсы не істеліп жатыр? Жақында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл меморандумның да нәтижелі бола-рына сенім аз. Денсаулық сақтау саласы басшылары өз жүйесіне бақылау жасай алмаса құзырлы орын не істей алады? Олардың медицинадан басқа да тексеретін салалары толып жатыр.

Сонымен денсаулық сақтау саласында жемқорлық неге өршіп кетті деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Біріншіден, дәрігерлердің жалақысы төмен, әлеуметтік жағынан қорғалмаған. Екіншіден, барлық деңгейдегі басшылар тарапынан бақылау нашар жүргізіледі. Өйткені, олардың өздерінің де қолы таза емес. Ең бастысы – бүкіл қоғамда жемқорлық жайлап алған. Қазақ атамыздан қалған «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деген нақыл сөз бар. Демек, аталарымыз бірінші денсаулықты, екінші адами қарым-қатынасты, ең соңына материалдық игілікті қойғанын байқаймыз. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған капиталистік жүйеде осының бәрі керісінше саналады. Материалдық құндылық, капитал бірінші орында тұр. Олай болса жемқорлықты түбімен жоямыз деп ұрандату бос әурешілік. Алдымен идеологияны, адамдардың өмірге деген көзқарасын өзгертуіміз керек. Ал ол оңай дүние емес. Оған бірнеше ондаған жылдар қажет. Ақша деп алашапқында жүргенде адами құндылықтарды жоғалтып алғанымызды мойындағанымыз жөн. Алдымен осы мәселені мықтап қолға алу керек, сонда қоғамдағы көптеген келеңсіз көріністерді көрмейтін боламыз.

2-3-бетті дайындаған  
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫ НЕГЕ БАҒАЛАМАЙМЫЗ? ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІ ДЕНІ САУ ХАЛЫҚ ҚАНА ҚҰРА АЛАДЫ

Бәріміз бас иетін Атазаңымызда көрсетілгендей мемлекеттің басты байлығы – адам болса, адамның бірінші байлығы оның – денсаулығы. Бұған ешкімнің таласы жоқ шығар. Олай болса біз неге басты байлығымызды бағаламаймыз, неге адамдарымыздың денсаулығына немқұрайлы қараймыз? Мемлекет тарапынан медицина саласына жылына қыруар қаржы бөлініп жатса да сырқаттарға неге сапалы қызмет көрсетілмейді? (Мысалы, 2016 жылы ұлт саулығын сақтауға бөлінген қаржы көлемі 1,6 трлн теңгені құраған екен.) Әлеуметтік маңызы жағынан бірінші орында тұрған сала жұмысын лайықты деңгейге көтеріп, неге жылдар бойы жөндей алмай келеміз? Осы саланың қызметін оналтуға не кедергі болып отыр? Ол үшін не істеуіміз қажет? Алдында «үлкен мәселе» деп отырғанымыз да сондықтан. Өйткені ширек ғасырдан бері осы мәселенің түйінін тарқата алмай келе жатқанымыз жасырын емес.

Алдымен денсаулық саласының «сырқатына» тоқталып, «жарасы» жайлы айта кетелік. Жанды ауыртар жара жеткілікті, оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Соның кейбір тұстарын атасақ та жеткілікті.

Кең-байтақ жеріміз бар деп мақтанып жатамыз. Халқымыздың саны аз деп те өкініш айтар кездеріміз бар. Халық саны ұрпақ арқылы өсетіні ежелден белгілі. Айтайын дегеніміз, биылғы жарты жылдың өзінде өмірге ұрпақ әкелер кезде отыздан астам әйел перзентханада көз жұмған екен. Бұл ресми дерек қана және халқының саны аз ұлт үшін тым жоғары көрсеткіш. Оның төртеуі басқа емес, Астанада тіркелген. Ал медициналық мүмкіндіктері жоқ ауылдық жерлерде қанша ана көз жұмып, қанша нәресте өмір табалдырғын аттамай жатып шетінегенін бір Құдай ғана біледі.

деп жұбату айтты.

Астанадағы №1-ші перинаталдық орталықта босануға келген әйелдің сәбиі құрсағында шетінеп, қоғамда алаңдаушылық тудырғаны туралы бірқатар басылымдар жазғанын білесіздер. Көз жасына ерік берген әйелдің айтуынша, дәрігерлер өзіне көмек көрсетудің орнына басқаларды ақшаға босандырудың қамымен жүріпті. Бұл жәйтке 32 жастағы Наталья Ярцева дәрігерлерді айыптап отыр. Үшінші ультрадыбыстық зерттеу кезінде бала кіндігінде 2 артерияның орнына біреуі ғана болғаны анықталған. Бірақ дәрігерлер бұған бола уайымдамауға кеңес беріпті. Келіншек баласының іште қозғалуы баяулап қалғанын айтып қанша жалынса да, ешкім елең етпеген. Содан Натальяның нәрестесі құрсақ ішінде шетінеп, жатырындағы өлі сәбиімен перзентханада тағы бір күн жатып қалған. Тек ертесіне есін жиған дәрігерлер операция жасаған. Баласын жер қойнына тапсырған Наталья Ярцева енді өз ісіне салғырт қараған дәрігерлерді заңмен жазаламақшы. Жарық дүниені көрмей кеткен ұлы үшін істі соңына дейін жеткізуге бекініп отыр.

Қалай десек те, жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатып ананы босандыра алмау ұятты жағдай. Ғылым мен техниканың дамымаған кезінде, бағзы заманнан бері біздің әжелеріміз келіндерін өз қолымен үйінде аман-есен босандырып немере сүйген. Ал біз болсақ жоғары білімді, қалтасында табактай дипломы бар дәрігер мамандарымыз бола тұра дәрменсіз күй кешудеміз. Жоғары білімді мамандарымыз ауылдың қарапайым кемпірлері құрлы болмағаны ма? Исекешов айтқандай енді Израильден тәжірибелі дәрігерлерді шақыртпақ екенбіз. Сонда еврейлердің әйелдері ғана бала туып жүр ме екен? Әлде сонау Адам ата мен Хауа анадан бері жалғасып келе жатқан өмірлік



бұзушылықтар анықталды. Дәрі-дәрмекке жауапты компания мемлекеттен бөлінген қаржы есебінен 6 жылда 27 миллиард теңгеден аса заңсыз пайда көргені белгілі болды. 2017 жылдың екі айында ғана пара алмақ болып немесе сол сияқты қылмыс жасағаны үшін 16 лауазымды тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған. Бұдан бөлек 97 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны әлі ұмытыла қойған жоқ. Ал, 2016 жылы 80 лауазымды тұлғаға қатысты 200 астам жемқорлық қылмыс тіркеліп, 22 адам сотталды. Міне, біздегі медицина саласының сикы осындай. Осыншама қатаң шаралар қолданғанмен бұл салада бүгінгі күні тәртіп орнады деп ешкім айта алмайды. Есепте тұрған сырқаттар өзіне аса қажетті дәрілерді ала алмай жүргені туралы арыздар толастар емес. Қымбат препараттың орнына арзан, пайдасы мен әсері аз дәрілерді жазып беру фактілері тоқтаған жоқ. Ал қымбат дәрілер қолды болып жатыр. «Балық басынан шіріді» демекші Фармация комитетінің басшысының міндетін атқарушы Лариса Пак пен осы комитетке қарасты департамент жетекшілері 10 миллион теңгеден аса пара алды деген күдікпен ұсталып, бірнеше ай бойы тергеуде отыр. Миллиондарды шенеуніктер фармацевтикалық компанияларға көз жұмып лицензия бергені үшін алған. Пак бастаған топ сондай-ақ халыққа тегін үлестірілетін дәрі-дәрмекті көпе-көрнеу қымбатқа алып, ара-

дердің денсаулығына қанша зиян келтіргенін ойлаудың өзі қорқынышты. Біздегі жиі орын алатын ана мен нәресте өліміне себептердің бірі осы дәріде болуы мүмкін ғой. Оны бақылап, реттеп отыратын сала басшылары қайда қараған? Тіпті еліміз бойынша осы саланы жаппай тексерулер мен қатаң жаза қолдану да оларға маса шаққан құрлы әсер етпегені таңғалдырады.

Мына бір жағдай да тұрғындарымызды алаңдатып келеді. Еліміз бойынша көптеген қалалардағы балабақшалар мен мектептердің қызметшілерінен түрлі аурулар табылып, бүлдіршіндер мен оқушыларды денсаулығына қауіп төндіргені белгілі. Басқасын былай қойғанда жұппалы да қатерлі туберкулез ауруы бар қызметкерлер балалар мекемесінде еш алаңсыз жұмыс істеген. Сонда олар медициналық бақылаудан қалай өтіп жүрген? Жақында осыған байланысты анықтаманы заңсыз сататындар ұсталды. Сөйтсе Астананың емханалары жыл сайын жалған анықтамалардың сатылуы салдарынан 25 миллион теңгеден қағылған. «Азаматтардың медициналық тексеруден өтпестен-ақ мұндай құжаттарды пайдалануы аталған азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірмеген қатар білім беру, қоғамдық тамақтану ұйымдары сияқты әлеуметтік маңызы бар салалардың қауіпсіз қызмет көрсетуіне де кері әсерін тигізеді», – деді «Астана – адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Жазира Жылқышиева.

# АЗАТ ПЕРУАШЕВ ВСТРЕТИЛСЯ С КИТАЙСКОЙ ДЕЛЕГАЦИЕЙ ИЗ ПРОВИНЦИИ ХУБЭЙ

Азат Перуашев встретился с китайской делегацией из провинции Хубэй под руководством Ван Лин — первого заместителя председателя Собрания народных представителей провинции. В составе делегации были руководители департамента по развитию провинции, управления коммерции, общества дружбы, а также представители аппарата Собрания, Канцелярии иностранных дел.

С казахстанской стороны во встрече приняли участие заместитель председателя партии, депутат Берик Дюсембинов, председатель ревизионной комиссии Болат Утепбаев, руководители Национальной индустриальной палаты, Казахстанско-Китайской ассоциации содействия торговле.

Встреча была посвящена вопросам сотрудничества в экономике, защиты инвестиций.

В ходе состоявшегося разго-

вора было отмечено, что на фоне взаимных торговых санкций КНР и США у казахстанского бизнеса резко возрастает потенциальный рынок сбыта продукции, особенно сельскохозяйственной.

Кроме того, стороны обсудили взаимодействие в борьбе с коррупцией и возврате незаконно выведенных средств, изучение богатого китайского опыта в этой сфере.

Азат Перуашев озвучил вопросы по снижению барьеров для постав-



ки казахстанских товаров в КНР, заинтересованность в развитии цифровизации и IT-технологий, где провинция Хубэй и город Ухань добились особенно больших ре-

зультатов. Стороны договорились о регулярном обмене деловыми делегациями.

Пресс-служба ДПК «Ак жол»

## ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В АВГУСТОВСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ПЕДАГОГОВ г. АЛМАТЫ

Заместитель председателя Мажилиса Парламента, руководитель фракции партии «Нұр Отан» Гульмира Исимбаева во главе группы депутатов приняла сегодня участие в работе августовской конференции педагогических работников г. Алматы.

Выступая на конференции, Гульмира Исимбаева отметила, что прошедшая парламентская сессия, как и прежде, была направлена на выполнение задач, поставленных Главой государства в стратегических программных документах. И по праву, третью сессию можно назвать исторической, так как именно в стенах Парламента Президент Казахстана Н.А. Назарбаев впервые озвучил Пять своих социальных инициатив, в законодательном обеспечении которых депутаты Мажилиса принимают самое активное участие. При этом, по словам руководителя фракции партии «Нур Отан», вопросы развития социальной сферы, в том числе образования, находятся на постоянном контроле мажи-



лименов. Из 84 законопроектов, одобренных Мажилисом в третьей сессии, шесть касаются сферы образования и защиты прав детей. В их числе три инициативы депутатов Парламента законопроекта, которые направлены на защиту детей от вредной информации и по вопросам академической самостоятельности вузов. Говоря о законодательных нововведениях, Гульмира Исимбаева проинформировала, в частности, о внесенных в Закон об образовании изменениях, согласно которым, выпускники колледжей впредь смогут

получить до трёх квалификаций в рамках одной специальности, что увеличивает их шансы на трудоустройство.

Подводя итоги выступления, Г.Исимбаева отметила, что «Сегодня мир стал единым целым. Наше время — время невероятных скоростей и огромнейших информационных потоков. И фундаментальное значение имеет умение фильтровать информацию. Научить этому — задача учителя. Все эти цивилизационные процессы облегчают и одновременно усложняют задачи учителя, и в выполнении новейших задач учительству нужна поддержка всего общества».

В Алматы депутаты Мажилиса Гульмира Исимбаева, Гульнар Иксанова, Серик Сейдуманов и Светлана Бычкова находятся в рамках традиционных встреч депутатов Мажилиса с избирателями, которые проходят в эти дни во всех регионах Казахстана.

Пресс-служба аппарата Мажилиса Парламента РК (в сокращении)

## ДЕВАЛЬВАЦИЯ БУДЕТ СПИСЫВАТЬСЯ НА КАЖДЫЙ ВНЕШНИЙ «ЧИХ»?

Депутат Мажилиса Парламента, член комитета по финансам и бюджету палаты Аманжан Жамалов считает, что переход к плавающему курсу тенге не избавил экономику Казахстана от шоков девальвации.

Жамалов отметил, что еще в марте этого года курс доллара был на уровне 320 тенге и за пять месяцев он ослаб на 14%: «Это сопоставимо с прошлыми одномоментными девальвациями. В феврале 2009 г. тенге девальвировал на 18% (с 122 до 144 тенге), а в феврале 2014 г. — на 19% (с 155 до 185 тенге). Сейчас Национальный Банк называет это «колебаниями» курса. На деле же такие колебания — это та же самая девальвация, только не одномоментная, а «ползучая». И непонятно, что из этого хуже».

Он отметил, что с момента перехода к плавающему курсу тенге в стране была начата активная политика дедолларизации, были повышены процентные ставки в тенге: «Совсем недавно в своем отчете Нацбанк рапортовал о снижении общего уровня долларизации депозитов с 70% в январе 2016 г. до 45 в июне этого года. На сегодня те, кто поверил Нацбанку и тенге, оказались обманутыми. Поскольку сейчас их вклады обесцениваются. Считалось, что основным фактором курса тенге является цена на нефть. В марте, когда баррель нефти стоил 65-70 долларов, курс доллара был на уровне 320 тенге, сейчас при цене 72 доллара — 360

тенге. То есть курс полностью отвязался от цен на нефть. Нам говорят про политику ФРС и антироссийские санкции. Скоро девальвация будет списываться на каждый внешний «чих».

По его мнению, происходящая ситуация с курсом тенге дезориентирует население и предпринимателей: «Как бизнесу заключать контракты, если курс в любой момент может быть каким угодно? В условиях высокой зависимости от импорта каждая девальвация будет приводить к новому витку инфляции. Здесь нас нельзя сравнивать с Турцией, где налажено собственное производство, и с Россией, которая уже четвертый год живет в условиях санкций и импортозамещения», — считает депутат Жамалов.

Он отметил, что на этот год Нацбанком установлен коридор инфляции в 5-7%, а к концу 2020 г. инфляцию планируется снизить до 4%. «При таком двухзначном ослаблении тенге и удорожании импорта достижение такого коридора по инфляции невозможно. Заявленная Нацбанком политика обменного курса тенге предусматривает право проводить «интервенции для предотвращения чрезмерных изменений курса тенге, а также для обеспечения стабильности финансовой системы». 9-10 августа объем торгов долларом на KASE превысил 1 млрд долларов, что почти в 10 раз больше обычного объема торгов. Очевидно, что Нацбанк пытался повлиять на курс тенге. Но это не дало никаких результатов. В

результате на сегодня мы имеем курс в обменниках 367 тенге за доллар», — заявил Аманжан Жамалов.

Депутат считает, что Нацбанк недооценивает негативные последствия от ослабления курса тенге для экономики: «Принято считать, что слабый курс повышает конкурентоспособность экономики. Но в случае с Казахстаном это касается только основных сырьевых экспортеров, которые получают валютную выручку. Для малого и среднего бизнеса, который ориентирован на внутренний рынок, девальвация и последующая инфляция оказывают губительное воздействие. Под угрозой срыва может быть поставлена реализация бюджетных программ. Напомним, бюджет сверстан по курсу 340 тенге за доллар, и запаса прочности, о котором говорили некоторые члены правительства, я думаю, уже нет».

«На недавней встрече с председателем Нацбанка Глава государства подчеркнул, что колебания курса должны быть в определенных пределах и не сказываться на благосостоянии граждан. С такой задачей Нацбанк явно не справляется. Объективные причины для определенного роста курса на сегодня уже перешли в стадию спекулятивной «вахханалии», основанной на дальнейших девальвационных ожиданиях населения и бизнеса. В текущей ситуации нужны срочные и решительные меры», — резюмировал мажилисмен.

tegrinews.kz (13.08.2018, в сокращении)



## МЕРУЕРТ КАЗБЕКОВА ПРОВЕЛА ВСТРЕЧУ С ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМИ АЙЫРТАУСКОГО РАЙОНА

24 июля текущего года депутат Мажилиса Парламента РК Казбекова Меруерт Айткажиевна работала в Айыртауском районе Северо-Казахстанской области.

Встретилась с акимом района Исмановым Б.К., предпринимателями района, провела приём граждан по личным вопросам. Ознакомилась с объектами туристического бизнеса.

Айыртауский район один из крупнейших и перспективных районов в Северо-Казахстанской области. Уникальная природа, наличие озер превратили район в туристическую Мекку северного Казахстана. В районе насчитывается около 30 памятников истории и культуры, среди них наиболее значимые — экскурсионные объекты, представляющие интерес для туристов, — это мемориальный комплекс Карасай-Агын-тай батыров, поселение «Ботай», которые включены в сакральную карту Республики, усадьба «Айганым», музей имени Ш. Уалиханова, включенный в сакральную карту региона. В районе функционируют 37 объектов туризма.

В целом в районе зарегистрированы 328 субъектов малого и среднего бизнеса, часть из них ориентирована на туристический бизнес. Ежегодно растут инвестиции в экономику района.

Хорошим подспорьем для начинающих предпринимателей стало обучение основам предпринимательства в рамках проекта «Бастау-бизнес», потенциальные предприниматели района обучались основам ведения бизнеса в рамках указанного проекта. В ходе встречи с предпринимателями района депутат подробно ответила на вопросы предпринимателей, актуализировала проблемные вопросы развития бизнеса.

Северо-Казахстанский областной филиал ДПК «Ак жол»

...Үш баланың анасы күйеуінен ажырасып жатыр. Ажырасуға мәжбүр етіп отырған – екінші деңгейдегі банктердің «прибыль – здесь и сейчас!» деген халықты тонаушылық саясатының салдары. Олар үшін ҚР Конституциясының 25-бабында жазылған «отбасының жалғыз баспанасына қол сұғуға болмайды» деген талап та жай сөз. Олар ең жоғары мәртебелі әрі тікелей қолданыстағы заңды одан төмен тұратын Азаматтық кодекстің «екі тараптың өзара келісуі бойынша жасалған» деген бабына жеңгізеді. Біз білетін Тәуелсіздік тарихында бір ғана бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, бүгінгі Түркістан облысындағы Төлеби аудандық сотының сол кездегі, кәзір осы облыстық соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы Т.Бегімбетов клиент әйелдің саудаға кетіп бара жатқан баспанасын Конституцияның жоғарыдағы бабына сүйеніп қорғап қалған болатын. Әдетте соттар банктың сойылын соғады. Бұл тақырыпқа, дәл осыған ұқсас сюжетке бұдан бұрын да аз мақала жазбаған едік. Әйтсе де мына жағдай олардың бәрінен сорақы болып отыр, қолға қалам алмасқа амал қалмады, өйткені «әкесін сабағанды көріп едік, бірақ, арбаға байлап қойып сабағанды бірінші көруіміздің» керін келтіріп отыр банктегілер...

теңгеге шыққанда ғана кимылға көшеді. Одан кейінгі хабарламаны 12.01.2018 ж. Жіберген Банк 03.04.2018ж. Шымкент қ., Абай аудандық сотына арыз түсіреді. А.Исаеваның кредиттік қарызын дәл осы күні 319 теңгеге тең болған бағаммен есептеп, 227 413 долларға тең деп береді. 46 600 доллар ақша «пеняның» есебіне кетсе керек, өйткені, банк өзінің арызында клиент қарызының «пенялық» көлемін көрсетілмейді...

А.Исаеваның қорғаушысы Олжас Атхаев: *Келісім-шартқа банк тарапынан кредит бөлімінің бас менеджері сенімхат бойын-*

*Азаматтық-процессуалдық кодекске сәйкес істің мән-жайын, демек, кредиттік досьені зерттеу соттың тікелей міндеті! Егер оның түпнұсқасы болмаса, банктың талап-арызы қаралуға да жатпайды! Банкке рахат болды да қалды...*

– Ал, облыстық соттың апелляциялық алқасына бұл жайлы өтініш жасадыңыз ба?

– Әрине! Бірақ, апелляциялық алқа да оны зерттеуден бас тартты...

– Т ұ р а т ұ р ы ң ы з , апелляциялық алқаның басты міндетінің өзі бірінші сатыда қаралмаған жайттарды немесе

тен бір бөлігін өзінде ұстап қалып отыр, яғни, клиенттерін банктің қаржысын пайдаланып операция істеп, айналымдағы ақшасын көбейтіп алуына күні бұрын, қасақана кедергі жасап отыр.

Екіншіден. Әдетте клиент қарызын қайтара алмады ма немесе толық қайтара алмады ма, сөз жоқ, банк кепілге қойылған мүлікті алып қояды да саудаға салып сатып, өз ақшасының орнын толтырып алады. Бұл жерде банк кепілге қойылған ақшаны да, кепілге қойылған пәтерді де алып қойып отыр.

Үшіншіден. Ең бастысы да осы. Банк «ақшаны да алдым, пәтерді де алдым, іс осымен бітті, кош бол!» деп отырған жоқ. Банк «маған бастапқы алған қарызына парапар дерлік (233 мың доллардың орнына 227 мың доллар қарыз құясың!» деп отыр. «Банк кепілді қабылдап отырған жоқ, сотқа кепілді «взыскать», яғни, «мәжбүрлеп төлеттір» деп отыр. Сот банкпен келісіп отыр! Ақшаның сомасын көрсетіп отырғанының себебі, «сенің үйіңді сатсақ, ол үйдің бағасы кәзір түсіп кеткендіктен 100 мың доллар болып қалуы мүмкін, сондықтан сен аржағында қалған соманы төлеуге тиіссің» деп отыр» дейді О.Атхаев.

«Банк үйдің бағасы түсіп кеткен форс-мажорлық жағдайдан төлеушінің есебінен шығып кетейін деп отыр. Ал, шын мәніне келгенде нарық тәуекелшілдігі, риск, екі жаққа бірдей болуы тиіс. Бизнесің аты бизнес қой. Нарықтағы бағаның өзгеріп кеткеніне клиенттің қандай кінәсі бар? Неге банк уақтылы өз қаржысын іздемейді? Тұрғын-үйдің бағасы тек қана көтеріле береді деп ойлады ма?» дейді белгілі заңгер Жанабек Әбішев. «Бұл жерде банк ҚР Азаматтық кодексін белдеп басып отыр, себебі, бұндай жағдайда аталмыш Кодекстің «Кепілдік» бөлімінің 299-бабында «Кепілдік ұғымы» деп, 300-бабында «Кепілдіктің пайда болу негіздері» деп, 301-бабында «Кепілдік мәні» деп жазылған заңнаманың барлық мән-мағынасы жойылады. Онда жалпы кепіл қойып не керегі бар? Соттың өзі де кепілдік бар жерде ақша көрсетілген талап-арызды қабылдамау керек еді...»

– Олжас, банк енді қандай іс-әрекетке бара алады?

– Банк үйді тезірек, барынша төмен бағамен сатуға тырысады. Сатады да қарыздың қалғанын А.Исаеваның мойнына іліп қояды. Ол жағы «сот шешімін орындау» деп аталады. А.Исаеваның жалақысының жартысына дейін бухгалтерия ұстап қалып, банктің есебіне аударып отыратын болады, ал, А.Исаева бар ғұмырын соттың қарызын төлеумен өткізетін болады... Банктердің көздегені не – халықты одан әрмен тонай беру ме? «Кепілге қойған ақшанды алдым, үйінді алдым, бәрібір сен маған қарызың!» деген саясат қайда апарып соғуы мүмкін? Халықтың толқуына, бір күні бұрқ кетіп көтерілуіне апарып соғуы әбден мүмкін екенін банк қожайындары көрмей, сезбей отыр ма? Көрседі, сезсе де «не болса да сол болған кезде көріп алармыз, ал, әзірге кредиттің қылбұрауын қысқан үстіне қыса түсейік» деп, «құныққан қарсақ құлағымен ін қазадыға» барып отыр ма?..

# ХАЛЫҚТЫҚ БАНК

## ХАЛЫҚТЫ ҚАНАУДЫҢ

### «ЖАҢА ЖОЛЫН» ОЙЛАП ТАПТЫ...

## СОТТА СОНЫ ҚОЛДАУДА

Банк клиенттері басындағы баспаналарын, жеке үйлері мен көп қабатты үйлердегі жеке пәтерлерін кепілге қояды. Алған қарызын қайтара алмаса, банк келісім-шартқа сәйкес пәтердің қожайыны болып шыға келеді-дағы, оны саудаға шығарып сатып, алашақ ақшасын соның есебінен қайтарып алады. Клиенттер кепілге қойған пәтерінен, баспанасынан айрылып қалмауға тырысып бағады. Бұл жерде керісінше – банк клиенттің кепілге қойған пәтерін алудан бас тартып отыр. Неге? Ондай да бола ма екен? Болады екен, «дәніккеннен – құныққан» дейді қазақ, дәніккен банктың бармайтын қадамы болмайды екен ғой...

А.Исаева 04.09.2007 ж. (датаға назар аударыңыздар!) «Қазақстан халықтық жинақ банкінен (бұдан былай Банк) жылдық маржасы 10% деген шартпен 180 айға 233 000 АҚШ долларын несиеге алады. АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы ол кезде 120 теңгеге тең болатын... А.Исаева кепілдікке Алматы қ., Розыбакиев к., 136 үй, 23 пәтерді қояды. Оған қоса (бұған да назар аударыңыздар!) «клиент қарызын төлеуге шамасыз болып қалған жағдайда ұстап қалу үшін» деп, дәл сол күні Ақшаны кепілдікке қою деген екінші келісім-шартқа сәйкес 46 600 АҚШ долларын Банк бермей алып қалады!.. Яғни, клиент Банктен 186 400 доллар алды деген сөз бұл. Банктың жылдық маржасы 10 пайыздан асып кеткені де түсінікті.

Адамға ақша қажет болған кезде, оның үстіне банк көз алдында «көк қағаздарды» келбедетіп ұстап отырса, пенде байғұс қандай асығыс қадамға, соның салдарынан қандай ағат қадамға бармайды дейсін...

Содан Банк клиентіне екі рет



«Банк үйдің бағасы түсіп кеткен форс-мажорлық жағдайдан төлеушінің есебінен шығып кетейін деп отыр. Ал, шын мәніне келгенде нарық тәуекелшілдігі, риск, екі жаққа бірдей болуы тиіс. Бизнесің аты бизнес қой. Нарықтағы бағаның өзгеріп кеткеніне клиенттің қандай кінәсі бар? Неге банк уақтылы өз қаржысын іздемейді? Тұрғын-үйдің бағасы тек қана көтеріле береді деп ойлады ма?»

– 14.04.2008ж. және 22.07.2008ж. – қарызын уақтылы қайтармай жатқаны жайлы хабарлама жібереді-дағы, табаны күректтей тоғыз жыл бойы тым-тырыс қалады. Тоғыз жыл бойы! Не үшін?! Оның себебін бізге білуге жазбаған, оны тек аспандағы Алла-Тағала мен жердегі банк қожалары ғана біледі. Бізге айтпайды. Бізге деректер мен дәрекетерге сүйене отырып тек жорамал жасау ғана қалады...

Банк тек 23.08.2017 ж., АҚШ долларының бағамы 333

ша қол қойған. Ал, бар болғаны бөлімнің бас менеджері осындай үлкен қаржы жайлы келісім-шартқа қол қоюға хақысы бар ма, жоқ па, ол оның қызметтік міндетінің қатарына кіре ме, жоқ па білейік, кредиттік досьені алдырыңыз» деп сотқа сот кеңсесі арқылы жасаған жазбаша өтінішімді Шымкент қ., Абай аудандық сотының судьясы А.Қасенова қабылдамай тастады: «Даудың мәні бұл емес, досьені зерттеу қаралып жатқан істің мәніне кірмейді» деп жасап берді. «Қалайша кірмейді? Банк сотқа осы келісім-шартқа сүйеніп талап-арыз беріп отыр ғой?» «Керек құжатыңызды істегі досьеден алыңыз». «Жарайды, кредиттік досьені іске тіркемесек те, ең болмаса танысайық» деген жазбаша өтінішімді де қабылдамады. Банк өкілі менің өтінішім бойынша кредиттік досьені сотқа көтеріп келген болатын. Банк әкеліп тұрған құжатты судья қараптай қойды ғой! Ал,

судья қабылдамаған өтініштерді қарау емес пе?

– Иә, солай ғой, бірақ алқа төрағасы С.Чоқморова: «Сіздің өтінішіңізді естідік, судья А.Қасенованың іс-әрекетінің құқықтық бағасын береміз» деді де қойды.

– Судья А.Қасенованың ісі заңға қайшы екенін айтпадыңыз ба?

– Айттым. Төраға: «Сіз ақша алғаныңызды жоққа шығармайсыз ғой?» деді. «Жоққа шығармаймын. Бірақ, сот процесі заң талаптарына сай жүргізілуге тиіс емес пе?» «Тоқтаңыз! Біз сот шешімін зерттегенбіз. Басқа толықтыратыныңыз бар ма?» «Жоқ». «Онда сот алқасы кеңесуге кетеді». Бітті. Сот бар-жоғы 20 минутқа созылды...

«Мораль (адамгершілік) құқықтан жоғары» деген сөзді біз емес, көне римдіктер айттып кеткен. Банк ақша өте зәру болып отырған адамдардың қиын ахуалын пайдаланып, берген ақшасының тұтас бес-

# ӨНЕРДЕГІ «БАРЫМТА»

## ТАЛҒАТ ТЕМЕНОВ БАЯН АЛАГӨЗОВАНЫҢ «ҰРЛЫҒЫН» АШТЫ

Басқасы басқа, осы Баян туралы жазбай-ақ қойсақ деп едік. Әлеуметік желі ұлардай шұғалаған соң, көз жүгірткенбіз. Баян «барымта» жасап, авторлық құқықты аяққа таптаған көрінеді. Сөйтсек, Баян ханым Мақсатқызы баяғыда өзі бас кейіпкері болған «Махаббат бекетінің» жалғасын түсіріп жатқан көрінеді. «Махаббат бекеті» қазақ экранына 1993 жылы шықты. Фильмнің сюжетін мен айтпасам да, жұрт жақсы біледі. Қазақ кино өнеріндегі махаббат тақырыбындағы ең үздік фильм деген аты бар «Махаббат бекетінің» экранизацияланғанына биыл 25 жыл болыпты.

Фильмнің режиссері – Талғат Теменов еді. Теменов тек режиссер ғана емес, Ләйлә Ақынжанова екеуі сценарий авторы болды. Фильм Теменовтың «Гүлнәз» повестінің желісінде түсірілгені тағы рас. Повесттің өзі сексенінші жылдары жарық көрген-ді. Міне, осы фильмдегі басты кейіпкерді сомдаған, ол кезде есім-сойы елге беймәлім Баян дейтін бойжеткен еді. Жасы небәрі 19-да еді ол кезде. Арада 25 жыл өткенде өзі басты кейіпкері болған фильмнің жалғасын түсіретінін мәлімдепті. Бәденді бикештердің «жаңалықтарын» жариялауға келгенде әркез даяр тұратын саржағал сайтсымақтардың бірі қалмай Баянның кезекті бастамасын жазып жатыр. Баянның «инстаграмм» желісіндегі жылт еткен жазбасын («Махаббат бекеті to be continued (ағылшын тілінен – жалғасын табады)», – деп жазды) жерден жеті қоян тапқандай қуана жазды. Ол туралы Талғат Теменовтің өзінен сұрап білдік.

Талғат ТЕМЕНОВ, режиссер:

## БАЯН, КЕРЕК БОЛСА, «КОРОВАСЫНЫҢ» ЖАЛҒАСЫН ТҮСІРСІН

– Мен осы ақпаратты сол фильмді түсіріп жатқандардан емес, айдалада біреулерден естідім. Жасырмаймын, естіп таң қалдым. Тіпті, ұяттау болды.

«Махаббат бекеті» ол – менің фильмім. Оны мен айтпасам да, көзіқарақты жұрт жақсы біледі. Тіпті керек десеніз, мен «Махаббат бекеті» фильмінің режиссері, сценарий авторы ғана емес, повесттің де авторымын. Ол фильм менің повестімнің желісінде түсірілді ғой.

Сексенінші жылдардың басында «Гүлнәз» деген повестім «Жалын» журналына шықты.

Тұтқабай Иманбеков деген сыншының «Талғаттың гүлі мен назы» деген алғысөзімен жарияланды. Бұл повест жанрындағы халықтың вентасына ие болған шығарма еді. Кейін кино түсіру туралы ой келді. Себебі, Сергей Герасимов «Молодая гвардия» деген киносы арқылы өзінің барлық студенттерін жарыққа шығарды, елге танытты. Нона Мордюкова, Вячеслав Тихонов бастаған жас актерлар екінші курс оқып жүргенде-ақ, осылайша жарқ ете қалды. «Болмасаң да, ұқсап бақ» деген, мен де «студенттерім кино әлемін үйренсін» деген мақсатпен, кино түсіруді қолға алдым. Басты рөлді сомдаған Баян сол кезде бірінші курсты аяқтаған студентіміз болатын. «Қазақфильмде» бұған дейін де, кейін де қанша кино түсірілді. Бірақ, дәл «Махаббат бекетіндей» жүректерге жол тапқаны болмаған.

Бұған дейін «Мосфильм» қабырғасында «Адамдар арасындағы бөлтірік» атты фильм түсірдім. Бірақ, ел есінде екінші фильм көбірек қалды. Себебі, ол мәдениетімізге, мінез-құлқымызға тән кино болды. Гүлнәздың образы қазақ қыздарының символына айналды.

Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл ормалды шынар» повесінен соң қазақ-қырғыз арасында Әсел деген ат көбейсе, «Махаббат бекетінен» кейін Гүлнәздар өмірге келді. Қазір олардың барлығы – жастары жиырмадан асқан арулар.

Айтпақшы, былтыр маған Баян хабарласты. Анау бір қайғылы оқиғадан кейін, ауруханадан шыққан кезі екен. Хабарласып, «Талғат Досымғалиевич, бір бомба дүние жасайық» деп, осы «Махаббат бекетінің» жалғасын түсіру туралы айтты. Әзіл-шыны аралас әңгімемізден кейін, мен «көрейік» деп қоя салдым.

Одан кейін, ол менің көмекшіммен бір мәрте ғана сөйлескен. Біз фильм түсіруге келісімімізді бермедік. Сонда олар: «біз осыған қарап қалған жоқпыз» деп кетті.

Одан кейін Ахат Ибраев деген біреу, хабарласты. Одан басқа ешкім хабарласқан жоқ. Мен келісімімді берген жоқпын.

Бұл не маскара? Менің көзім тірі. Мен соның жалғасын түсіре алмай жүргендіктен түсірмей жүргем жоқ.

Маған осыған дейін де жұрттар хабарласып, неге «Махаббат бекетінің» жалғасын түсірмейсіз деп сұрады. Төлеген ақынның өлені бар ғой. «Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты, мен өлемін өзімнің биігімде» дейді. Сол сияқты бұл шығарма өз биігінде қалуы керек.

Әлгі фильмнің синопсисін жіберген. Сценариін жазған адам қалай ұялмады? Тірі адамның шығармасын қайта жазып шығуға қалай қолы барды? Не режиссері, не сценаристі, не продюсері хабарласқан жоқ. Хабарласса да мен қарсы болар едім.

Өзіңіз ойлап қараңызшы, егер Ресейде Михалковтың шығармасын

біреулер қайталап түсіріп жатса қандай шу болар еді?..

Менің 10-нан аса фильмім бар. Кемінде 5 басты рөлді сомдаған адам бар. Ертең солардың әрқайсысы менің фильмімді жалғасын түсіріп жатса не болғаны? Менің театрда 15-20 шақты спектакльім бар. Ертең сол спектакльдерді басқа режиссер келіп, қайталап қойып жатса ше? Бұлай болмайды.

Бұл – ұрлық. Интеллектуалды ұрлық. Мен авторымын. Менің шығармама менің рұқсатымсыз неге тиседі?

Өздерінің де фильмдері бар ғой. Керек болса, «Коровасының» жалғасын түсірсін.

Былыр тағы осы әңгіме сөз болды. Сценариін тіпті көрсеткен де жоқ. Мен бірден бас тарттым. «Болмайды» дедім. Сөйтсем, Баян бұл іске шындап кіріскен секілді, менің рұқсатымсыз, маған бір ауыз айтпай әлгіндей дүние жасап жатыр екен.

Иә, «Қазақфильм» пленканың иесі шығар. Бірақ, мен фильмнің режиссері ғана емеспін, мен сценарий авторымын. Мен повесттің авторымын. Менен рұқсат сұраған да жоқ. Маған ешкім келіп, «осындай фильм түсіріп жатыр едік. Сценариіне көмектессеніз деп те айтқан жоқ».

Есуімше, олар сол менің фильмімнің музыкасын да алыпты. Сол фильмнен кадрлар алған. Оған кім рұқсат берген?

Автор ретінде мен бұған келіспеймін. Егер Америкада немесе Еуропада болсақ, бұл үшін Баян жауап беретін еді.

Бір дүние анық. Олар бұны өнер жасайын деп түсіріп жатқан жоқ. Ақша табу мақсатында жасап жатыр. Сондықтан, керек болса Еуропалық, Бүкіләлемдік авторлық құқық қорғау ұйымдарына шығуға дайынмын.



Ермек ТҰРСЫНОВ,  
Қазақ кинематографистер  
одағының төрағасы, режиссер:

## ТҮСІРГЕНІ ФИЛЬМ ЕМЕС, ЖӘЙ БІР МАЗАҚ

БАЯНДЫ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ,  
ӨРЕСІ БИІК АДАМ ДЕП  
ҚАБЫЛДАМАЙМЫН

– Біз өзі өркениетті елде өмір сүріп жатырмыз ғой. Авторлық құқықты қорғаудың өркениетті жолдары бар. Авторлық құқықты қорғау ұйымдары бар. Біздің елде де авторлық құқықты қорғайтын агенттік бар. Олар заңды түрде жұмыс жасап жатыр. Мен де сол агенттіктердің көмегіне жүгінген кездерім болған.

Бір дүние анық. Ол – кез-келген шығарманың немесе туындының авторы болады. Авторлық құқықты бұзу – қылмыс. Ол үшін жауапкершілік артылады. Авторлық құқықты бұзғандар заңмен жауап береді.

Егер мен өзім түсірген фильмдерде өзге автордың шығармасының қандай да бір элементтерін қолдансам немесе бір жазушының цитатасын пайдалансам, міндетті түрде «авторы мына кісі» деп көрсетемін. Ол солай болуы керек. Егер мен ұрланған материалды немесе материал элементіне авторды көрсетпесем, ол үшін маған айыппұл салынады. Бұл өте қарапайым дүние.

Талғаттың сондай повесті барын білемін. Ол кітап болып шыққан. Мен Мәскеуде сценаристер мен режиссерларды даярлайтын жоғарғы курста оқып жүрген кезім. Бір күні менің жатақханама Талғат келді. Мәскеудегі Голушкина көшесіндегі жатақхана. Сол кезде Талғат маған өзінің бірнеше шығармасын көрсеткен. Соның ішінде осы «Махаббат бекеті» де болған. Мен оны жақсы білемін.

Бір кездері мен Талғаттың «Адамдар арасындағы бөлтірік» деген сценариіне көмектескенмін де. Сондықтан, «Махаббат бекетінің» Талғаттың шығармасы екені рас деп айта аламын.

Ал енді Баянның осындай фильм түсіріп жатқанын естігенім. Талғаттың айтуы бойынша ғана білемін. Жалпы мен Баянның шығармашылығын аңдып, «ойбай сол не түсіріп жатыр екен» деп қарамаймын. Мен Баянды сондай бір интеллектуалды, өресі биік адам деп қабылдамаймын. Оның түсіргені фильм емес. Жәй бір мазақ қой.

Біз «Қазақфильмге» хабарластық. Есім-сойы Абай деген азаматтың байланыс нөмерін іздеп таптық. Өзі заңгерлік бөлімінде қызмет істейді екен.

«Баян ханым 1993 жылы жарық көрген «Махаббат бекеті» фильмінің кадрларын әлі алған жоқ. Алайын деп жатқаны рас. Бізден ресми сұрады. Бірақ, ол сұрау әлі қарастырылу үстінде. Авторлық құқық ескеріле ме деген мәселеге келсек, біз Талғат ағаға хабарласып ескерттік. Баянмен сөйлесуін, екеуі келісуін сұрадық. Мен комментарий бере алмаймын. Бізде Сарапшылар кеңесінің төрағасы Бекболат Шекеров деген кісі бар. Сол кісі сізге ресми пікір береді», – деп қысқа қайырды.

Біз бүгін бұл мәселеге қатысты Баян ханымға хабарласып едік, байланысқа шыға алмадық. Алдағы уақытта, Баян Мақсатқызының пікірін де білуге тырысамыз.

Н. ӘБДІҒАНИҰЛЫ  
Abai.kz



Геройхан ҚЫСТАУБАЕВ:

## ҰЛТЫМ ҮШІН КҮРЕСПЕЙ ТҰРА АЛМАЙМЫН!

### ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ ҰҚҚ ГЕНЕРАЛДАРЫНА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Белгілі қоғам белсендісі Геройхан Қыстаубаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генералдарына үндеу жариялады. Өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында ол қауіпсіздік комитетінің ықпалымен жергілікті сот өзінің үйін сүруге шешім шығарғанын жазды.

— Соңғы екі жылда тапқан жауларым мен болдым. Екі жыл бойы, қазір түсіндім, өз агенттері арқылы мені сотқа сүйрепсіңдер! Ол өтірік айыптаулар тағып, қанша тырысса да, жоқты бар ете алмайды ғой, соттан өзі жеңіліп шықты. Енді құтылдым ба десем, менің рұқсатсыз салынған үйімнің астынан өтетін және сол үйдің иесі менің өзіме белгісіз, бұған дейін 39 жыл «тыныш» жатқан және пайдалану мерзімі бұдан 9 жыл бұрын бітіп кеткен жоғарғы кернеулі ток кабельдерінің иесін тауып, солар арқылы сотқа тартып: «Үйі сүрілсін, миллион теңгеге жуық айып пұл төлесін» деген шешім шығартып жатсыңдар! — деп жазды Қыстаубаев фейсбуктағы парақшасында.

Қоғам қайраткері Геройхан Қыстаубаев жалпы қауіпсіздік комитеті қызметкерлеріне үндеу жазғанымен, ешкімнің атын атаған жоқ. Сонымен қатар ол өзіне қатысты мәселелерге отбасын араластырмауды сұрады.

— Мен өзімді заңға тартыңдар, соттаңдар, атыңдар. Тіпті көлігімнің

доңғалағын жарып, авария жасап, өлтіріңдер. Мен оған ренжімеймін. Себебі, бұл менің өзім таңдаған жолым. Бірақ бала-шағамды араластырмаңдар. Олардың ешқандай кінәсі жоқ» дедім ғой. Осыған келіскендей болған соң, «Сарыөзекке бармаймын деп қолхат жазып беріңіз. Біз соттың шешіміне араласпаймыз» дедіңдер. Үйім сүріліп, бала-шағам далада қалмасын деген оймен, мен жазып бердім және уәде еткенімдей Сарыөзекке барған жоқпын. Сонда, сендердің берген уәделерің, сөздердің қайда қалды? Генерал мырзалар! Менің қолымнан мына екі нәрсе келмейді: 1). Ұлтым үшін күреспеу; 2). Сендердің «тоқылдақтарын» болу! — деп жазды ол.

Қыстаубаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тарапынан өзіне нақты ұсыныстар жасалғанын да алға тартты. Оның айтуынша, комитет нақты даулы істерге Қыстаубаевтың араласпауын сұраған көрінеді.

— Естерінде болар, 2012 жылы қазақша сөйлетпей қойған Ұйғыр

ауданына, 2015 жылы — қытайдың ауқатты азаматтары қазақ қыздарынан қалыңдық іздеп келеді дегенде Астанаға, екі автобус адам жинап барамын дегенде, сендер өтініш жасап, мен барған жоқпын. Бармайтын да едім. Өйткені, өздерің шұғыл кимылдап, бірден ол мәселелерді жауып тастадыңдар. Бірақ, мен сендердің өтініштеріңді жерге тастамай, қоғамды дүрліктірмей ешқайда бармағаным — факт! Сосын, кештеу болса да, алып тастаңызшы деген ФБ-дағы жазған постарымды алып тастап жүрдім. Сондықтан, өмір алма кезек деген, сендерге де бір өтініш — соттың келесі сатысына араласпаңдар!

Құдіреттеріңді паш еттіңдер. Жеңетіндерің анық екен. Мен оны толық көрдім. Ендігі жерде бала-шағамның келешегіне тікелей балта шабатын жағдайларға, ары қарай араласқандарың адамдыққа жатпайды, Мырзалар! — деп жазды Геройхан.

qazaquni.kz

## МЕМЛЕКЕТ ҮШІН МЕН ҰЯЛЫП ОТЫРМЫН!..

ЖҮЙЕНІ ӨЗГЕРТІҢІЗ ЕЛБАСЫ!  
ХАЛЫҚ ШАРШАДЫ ЖЕМҚОРЛАРДАН!

Бүгінгі Атырау Ішкі Істер Департаментінің басшысының казинода ұтылған видеосын көріп, жекеме шығып жүрген халықтың жан айқайын түсінген сияқтымын.

Ол жақтағы құзырлы органдағы кейбір жемқорлар, параны жүз мыңдап емес, миллиондап алатынына көзім жетті...

Судья 80000 доллар сұрады дегенде, «әпиттері зор екен» деп таң қалған едім. Сөйтсем бұл таң қалатын дүние емес екен ғой.

Бір жігіт жазып еді: «Атыраудан тергеу кезінде 10000 доллар тауып бере алмаған соң жазықсыз қамалып кеттім»- деп. Сол әңгіменің шындығы шығып тұр.

Халық өзін ақтап алу үшін ақша беру керек, ал біреулер өзге елдің казиносында миллион долларлап ұтылады. Жүйенің шірігендігі, құлақ кесіп, ұрып тепкілеп есігінің алдына мал сияқты әкеліп тастайды. Ол істі Атырау құзырлы органдары қарамайды. Ал балық аулауға рұқсат қағазы болса да, заңды ауланған балық үшін 7-8 жылға қамап жібереді. Жекеме шығып жатқан қаншама балықшылар отбасы бар.

Судьяларды парамен ұстатып, өзі сол үшін қысым көріп жүрген азаматтардың сөздері рас болып шығып отыр.

Мемлекет үшін, Атыраудың жергілікті атқарушы билігі үшін мен ұялып отырмын. Қаншама жазықсыз азаматтар темір тордың ар жағына, ақша тауып бере алмаған соң қыршын кетті. Жүйені өзгертіңіз Елбасы! Халық шаршады жемқорлардан!

Айгүл ОРЫНБЕК,  
заңгер

■ IC-САПАР

# ҚЫТАЙ БИЛІГІНІҢ БЕТІ БЕРІ ҚАРАДЫ

Таяуда Дүниежүзілік Қазақ қауымдастығы, Қазақстан Жазушылар одағы және де басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері Қытай Халық республикасына, атап айтқанда, Бейжін, Үрімші, Ухан, Құлжа қалаларына сапар шегіп, Қытай елінде түрлі қысымға ұшыраған қандастарымыздың мәселесі бойынша сондағы құзырлы мекемелердің басшыларымен кездесулер өткізіп қайтты.

Сол делегация құрамындағы республикалық «Жебеу» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Омәрәлі Әділбек, «Жаңа Қазақстан» форумының мүшесі, саясаттанушы Расул Жұмалы, Дүниежүзілік Қазақ қауымдастығының бас хатшысы Рахым Айыпұлы, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Жанарбек Әшімжан, «Отандас ел» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхан Мамытхан осы IC-сапар қорытындысы негізінде «Қазақстан» баспасөз клубында мәслихат өткізіп, бұқаралық ақпарат құралы өкілдеріне жалпы жағдайды баяндап, тілшілердің сұрақтарына жауап қайтарды.

Оқырман назарына жиында айтылған кейбір пікірлер ұсынылып отыр.

**Расул Жұмалы, «Жаңа Қазақстан» форумының мүшесі, саясаттанушы:**

— Бертінгі бір жарым-екі жыл айналасында көршілес Қытай елі билігінің біздің сондағы қандастарымызды жан-жақтан қысымға алып, зәбір көрсеткені жан ауыртқаны жасырын емес. Әсіресе, сол мемлекеттен келіп Қазақ елінде оқып жүрген студенттерге, сондай-ақ Қазақстан азаматтығын алған зейнеткерлерге қатысты ауыр шектеулер қойылып қысым көрсетілуде. Мұнымен бірге сондағы бауырларымызды «саяси тәрбие орталықтары» деп аталатын лагерьлерге қамау оқиғалары жалғасуда. Қазақстан азаматтығын алған осындағы зейнеткерлерге



зейнетақылары берілмей, сонда қаникулға барған қазақ студенттерінің құжаттары қайтарылмай, әуреге салу жағдайлары жиіледі. Көптеген отбасылар шекараның екі жағында қалып, азапқа түсті. Осының бәрі, сайып келгенде, үлкен тауқымет екені түсінікті. Бұған біздің қоғамымыз бейжай қарап отыра алмайды. Және осынау келенсіздіктің бәрі Қытай мемлекетінің де ішкі заңдарына қайшы, Конституциясына қиғаш, Халықаралық нормаларды бұзады.

Міне, біздің сапарымыз осы түйткілдерді шешуге бағытталды. Аталған жайсыз ахуал екі елдің жиырма жеті жыл арасындағы қалыптасқан саяси, экономикалық, сауда, инвестициялық, энергетикалық, т.б. салаларға айтарлықтай залалын тигізетіні даусыз.

Біз Бейжіннен бастап бірнеше қалада жоғары санатты ұйымдар мен партия жетекшілерімен, Қытай Сыртқы Істер министрлігі, Ұлттар ісі жөніндегі министрлік, Әлеуметтік істер жөніндегі министрлік басшыларымен кездесулер өткіздік. Олардың алдына нақты талаптарымызды қойып,

ренішімізді айттық. Қамауға түсіп, зардап шеккен адамдардың тізімі ұсынылды. Қытай елшілігі, Қытай Сыртқы істер министрлігі өкілдері жағдайды түсіністікпен қабылдады. Жалпы, Қытай жағы да келенсіздікті жоюға мүдделі. Дегенмен, «қателік болды, асыра сілтеу кездесті, тырысамыз» деген сарындағы уәде көп. Шешуін күткен мәселе әлі де баршылық. Бұл іске енді өзіміздің құзырлы органдарымыз, Қазақстан Халқы ассамблеясы, депутаттарымыз да белсенді түрде араласады деген ойдамыз.

**Рахым Айыпұлы, Дүниежүзі Қазақ қауымдастығының бас хатшысы:**

— Иә, барлық мәселе бірден ойдағыдай шешіле кетеді деу қиын. Жағдай әлі де болса ауыр. Ең бастысы — Қытай елі тарапының құзырлы ұйымдары жіберілген кемшілікті ашық мойындап отыр. Сең қозғалды. Алда осы жағдайға қатысты әлі де талай кездесулер болатыны анық. Қытайға барып мұнда қайта алмай қалған біреудің отағасы немесе отанасы, баласы дегендей екі жақта қалып қойып, қасырет шеккен бауырларымыздың жайы туралы Бейжіндегі билік өкілдері:

«бұл атқарушы органдардың кінәсі. Алдағы уақытта қателік жөнделеді, іс шешімін табады» деп сендірді. Ақырын күтеміз.

**Жанарбек Әшімжан, «Ана тілі» газетінің бас редакторы:**

— Жалпы, екі аралықтағы келенсіз ахуал қалыптасқалы іске Қытай мемлекеті тарапынан нақты баға берілмеген еді. Біз бұл жолы онда аттанарда барлық жағдайды мұқият зерттеп, нақты дәлел-дәйекті жинастырып, ресми орындардың алдына қоюды, Халықаралық Дипломатия негізінде Қытай билігіне Қазақ еліндегі наразылықты жеткізуді диттедік. Делегацияның алдына қойған осынау негізгі мақсаты жүзеге асты деп ойлаймыз. Қытай Коммунистік партиясы жетекшілері мен ел идеологиясын басқарушы тетіктердің, ұлттық комитеттердегі департамент басшыларымен және салалық министрлік өкілдерімен кездесулер сәтті болды деуге негіз мол.

Әлбетте, Қытай тарапының аталған ахуалға «бұл — Қытайдың ішкі мәселесі» деп баға беруге тырысатыны да түсінікті. Бірақ Қытай мемлекетінің адам құқына байланысты, осы елдегі ұлттардың наным-сеніміне қатысты түрлі Халықаралық қауымдастық алдында өз міндеттемелері бар. Олар, қалайда, орындалуы шарт. Біз, мүмкіндігінше, елдегі жауапты ведомстволарға осы жәйтті де ескерттік.

Жалпы, кезекті іс-сапарымыз кейінгі жылдар ішіндегі жемісті шара болды деп санаймыз.

\*\*\*

Бір атап айтарлығы, аталған іссапарды ұйымдастырған Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер министрлігі мен ҚХР-ның Қазақстандағы Елшілігі және оның Алматыдағы Бас консулдығы.

qazaquni.kz

— Ә, кел, кел, — деді академик есіктен кіріп келе жатқан мені көріп.

— Ассалаумағалейкум, Әлеке! — деп ұмтылып барып төрдегі жұмсақ диванда отырған ақсақалдың қолын алдым.

— Анау орындықты әкеліп, бері жақынырақ жайғас, — деді Әлеке.

(Шеткерек тұрған арқалы орындықты сүйрей көтеріп ғұламаның алдындағы аласа столдың бір шетіне мен де жанаспа келіп отырдым. Стол үстінде шағын дәптер жатыр. Беті ширатпа араб жазуына толы. Жанында қаламсап).

Академикті 80-ге келген жасымен құттықтап, денсаулығын хал-жағдайын сұрастырып жатырмын.

— Жаксы, жақсы. Кешелері ғана ауруханада аз күн жатып келген бетім. Соңғы кездері осылайша ауық-ауық емдік курс алып қайтатын «әдет» тапқанмын. Кәрілік келгесін адам бір ауық денсаулығына да қарамаса болмайды екен. Әйтпесе осы жасқа дейін ауруханаға үйір болмаған адаммын ғой. Қазір жағдайым, көңіл-қошым жақсы. Міне, ертелі бері жұмыс істеп отырмын, — деп алдындағы дәптерді нұсқады.

— Соңғы шыққан «За рубежом» оқыдың ба? Сонда жазған ғой. Адам бойында сексеннен асқаннан кейін еңбек қабілеті артатын кезең туады деп. Сол дұрыс. Қазіргі кезде жұмысқа ықыласымның тәуір екенін өзім де байқап жүрмін. Ісім өнімді. Содан кейін маған қарады.

— Сөйтіп «Лениншіл жастан» келдім де. Сендердің газеттеріңді жақсы білемін. Анау отызыншы жылдары оған біраз мақалаларымды да жариялатқанмын. Өзін көп жылдар бойы жаздырып алып та тұрдым. Халыққа, жастарға керек дүниелерді мол шығарасындар. Өзінің тиражы қанша қазір?

— 300 мыңды төңіректеп тұр, Әлеке!

— Е, талай адам оқиды екен ғой. Бір өзі қаншама жасты тәрбиелеп жатыр десейші.


— Сол оқырманға Сіздің 80 жылдығыңызға байланысты той мақала дайындау маған жүктеліп еді.

— Өзің жазасың ба?

— Иә.

— Онда әуелі саған ескертерім, бұған дейінгі көп дүниелерде мені, көбінесе этнограф ретінде басыңқырап айтып жүр. Соған қарағанда, менің екі ғылым докторы екенімді көп жұрт біле бермейді ғой деймін. 1946 жылы «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» атты тақырыпты қорғап, филология ғылымының докторы атанғанымнан басқа, ВАК кейіннен маған ежелгі Қазақстан жеріндегі мәдениет пен өнер үлгілерін, қалалар мен сәулет өнерінің тарихын, қазақтың халық өнерін зерттеген бірқатар кітаптарым мен еңбектерім үшін өнертану ғылымының докторы атағын қорғап-ақ берген. Сондықтан да мен өзімді ең әуелі өнертанушымын, одан кейін Шоқанды зерттеушімін (оған қанша жылымды арнадым), сосын ғана барып әдебиетшімін, этнографпын, археологпын деп есептеймін. Осылай деп жазарсың.

— Мақұл, Әлеке. Хал-



# КЕҢ ОЙДЫҢ



**Жарылқап  
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ,  
жазушы**

қымызға Сіздің жан-жақты, ғылым салаларын меңгерген ғұламалығыңыз жақсы мәлім. Сіз жазған талай-талай мәйекті дүниелеріңізді бәріміз де іздеп жүріп тамсана оқымыз. Осындайда оқырман көкейінде Сіздің ғылымға қалай келгеніңізді білсек дейтін сауалдың тұратыны да анық. (Әлекең көп бөгелген жоқ. Аздап тотығыңқырап шыққан майда үнмен сөйлеп кетті. Асылы, Әлекеңнен әңгіме тыңдаудан жалғу еш мүмкін емес. Аспай-саспай бірқалыпты әуенмен есілген үн әркімді де шалқыған ой дариясына бастап кетеді. Қазақ тіліндегі небір шұрайлы, ажарлы сөздерді кең қолдана отырып, шешен сөйлейтін ғұлама көпке белгісіз жайлар жайында ағыл-тегіл толқытады).

— Мені тікелей ғылымға әкелген бірден-бір адам — Мұхтар. 1924 жылы Семейде педагогикалық техникумның үшінші курсына жүргенімде, бізге сол кезде Ленинград университетінде оқитын Мұхтар

Әуезов келіп әдебиеттен сабақ берді. Мұхтардың ол кездегі қияпаты қандай. Әдемі бұйра шашты, сұңқардың көзіндей сүзіле терең қарайтын тұңғық кара көзі бар. Мандайынан ақыл мен ойдың лебі аңқыған, жүрек сезімі романтикаға бөленген, сөйлегенде саспай, майын тамызға сөйлейтін сөзі шөлдеген адамның мейірін қандыратын тау бұлағындай, сыпайы, көркем бір жігіт. Күн сайын педтехникумға келіп, әдебиетті оқытқанымен тынбай, қаладағы әртүрлі мәдени шараларға да қатысады.

Төртінші курста оқып жүргенімде Мұхтар мені өзімен бірге тұруға шақырды. «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Қаралы сұлу» сияқты әдемі әңгімелерді де ол сол кезде жазды. Мұхтардың әсерімен мен де әдебиетке араласа бастадым.

1925 жылы Мұхтар Ленинградтағы оқуын қайта жалғастырмақ болды да, сол жылы техникумды бітірген маған «бірге жүр, Ленинградтың Күншығыс институтына түссің» деді. Әдебиетке, фольклорды зерттеуге деген құмарлық жетелеп, сол жылы Күншығыс институтының туркология факультетіне түстім. Онымен қоса Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімінде тыңдаушы болып та тіркелдім.

Ол кезде бұл оқу орындарында Бартольд, Самойлович, Марр, Крачковский, Ольденбург, Бакланов, Мещанинов сынды ірі ғұламалар, жойқын адамдар сабақ береді. Мұхтардан кейін олардың тікелей әсері мені біржола ғылым жолына түсірді.

— Әрине, ғылымға келу үшін

де адамның өз басының оған бейім болмағы керек. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Сіздің сол қырыңызды дәл таныған ғой. Демек, Сіздің бейімділігіңіздің осындай болып тәрбиеленуіне туып-өскен ортаңыз бен алған тәліміңіздің ықпал-әсері аз емес-ау.

— Ол да әбден мүмкін. Менің атам Марғұлан жас кезінде Баянауылға белгілі салдардың бірі болыпты. Ол кісінің шығарған бір-екі күйі де бар. Сол Мәкен дәстүрінің әсері болар, ауылымызда толқынды әншілер мен келісті күйшілер жиі бас қосатын. Әжем Әймен — Тәттімбеттің туыскандарының қызы, жарқын, сыпайы, ашық жүзді адам еді, немерелеріне көп үлгі берді. Әдемі ақындарды жүйрік тілмен айтып отыратын. Әкем Хакан да бала күнінде Мәшһүр-Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге оқыған, арабша сауатты кісі болды. Қазанда басылатын қазақ кітаптарын көп оқитын. Революциядан бұрын шыққан қазақ газеттерін алдырып оқып, терезенің алдына үйіп қоятын. Ол кісі маған бес жасымнан бастап арабша хат танытты.

Оның ішінде Абылайдың, Бөгенбайдың, Қазыбек бидің, Амурсананың аттары кездесіп отыратын. Өттен, ең күйініштісі, Ер Олжекемнің осындай аяулы мұраларынан кейін айырылып қалдық. 1930 жылы мен Ленинградта жүргенде, киын күндерге ұшыраған анам Нұриланы Қарағандыда шахтер болып істейтін інісі үйіне әкетпек болады да, шешем жолда дүниеден қайтып, Олжекемнің барлық мұраларын сол кісінің басына қояды. Кейіннен анам қойылған орынды қанша іздесем де таба алмадым.

Расында да, менің ғалым болуыма туып-өскен ортамның әсері аз тимеген болуы керек. Менің бала күнімде Баянауылда құйылған ақындығымен Сұлтанмахмұт шықты. Орысша оқу қуған Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар, Хакім Иманбеков, Жағыпар Секербаев секілді талапты жастар көрінді. Олармен қабат менің Маусым деген ағам да мандайы жарқырап шығып еді. Ақан серінің, Жарылғапбердінің, өзімізге туысқан болып келетін Жаяу Мұсаның әндерін соншама сал-

Одан кейін Шідертегі қыстауда ашылған қазақ мектебінде оқыдым. Онда қазақ ауыз әдебиетінен, қыпшақ, шағатай әдебиетінен дәрістер алдым. Сегіз жасымнан бастап Қазанда шыққан қазақ кітаптарын саулатып еркін оқуға жетілдім. Оларды әкем Қоянды жәрменкесінен алып келетін. Менің қиссаларды оқи алатынымды білетін ауыл адамдары төбенің басына шақырып алып, дөңгеленіп отырып маған жыр, қисса оқытатын. Олардың ішінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Мұңлық — Зарлық», «Көрұғлы» сияқты жырлар мен дастандар бар болатын. Ауылдан екі шақырымдай жерде Қисық деген тау бар. Соның басына шығып Абай өлендерін жаттаушы едім.

Жастайымнан Абылайдың оң қолы, «Ақтабан — Шұбырынды» кезінде жойқын істерімен халыққа ардақты болған, менің арғы бабам Ер Олжабай туралы аңыз-әңгімелерді көп естіп өстім. Батырдан бері таратқанда Олжабайдан — Дулат, Дулаттан — Марғұлан, Марғұланнан — Хакан болып келеді. Әкем Хакан бабасының мұраларын үйдегі әбдіреде таза ұстап, қастерлеп сақтайтын. Олжекемнің қалған әскери қарулардан көзге ерекше түсетіні — шарайна, алтын балдақты бүкір қылыш, дулыға еді.

Олар сол кездерде Омбы музейіне тапсырылған. Үйде көпке дейін сақталып келгендері — жібектен жасалған ұзындығы бір жарым метр, көлденеңі 70 сантиметрдей сары ала ту, Ғалдан — Шеріннің Олжекеңе тартқан үш жарлығы, жай шақыратын жұмыр кара та болды. Тағы бір ғажайып нәрсе, Олжекемнің өткен тарихта, шайқастарда не болғанын жазған «Қара кітабы».

танатпен орындап, толқытып күй шерткенде жан дүниені балқытатын. Өттен, жүйрік өнерпаздың бірі болып келе жатқанда 1914 жылы жиырма жасында дүниеден қайтты. Осылар тектес бір қауым жастардың әсері бізді де бозбала шағымыздан өнер, білімге ұмтылдыратын.

1914 жылдан 1919 жылға дейін Шілдертегі Хакім Иманбеков ашқан орыс мектебінде оқыдым. Оның мұғалімдері Уфадан қашып шыққан семинаристер, Омбыда, Павлодарда оқыған қазақ оқытушылары еді. Олар орысша жақсы білетін, сабақты жақсы беретін. Мектепте орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география, математиканы оқып, бірталай білім алдым.


1916 жылдың жазында темір жол салатын орыс инженерлеріне еріп, Ірбіт қаласының маңындағы темір жол құрылысында да жұмыс істедім. Мені ертіп кеткен орыс инженері Свердлов қаласындағы гимназияға түсіруге көмектесем деген болатын. Бірақ, соғыс жүріп жатқан кез. Ақшам жоқ... Түсе алмадым. Қысқа қарай елге оралып, Хакімнің мектебіндегі оқуымды қайта жалғастырдым. Содан 1910 жылы Мәшһүр-Жүсіптің Әмен деген баласына еріп Керекуге барып, бір жылдық мұғалімдік курсыне түстім. Әйгілі өңші Майранын үйінде жатып оқыдым. Оны бітіргесін елге келіп балаларға сабақ бердім. Қайтсем әрі қарай оқимын деп армандап жүргенімде Әбікей Сәтбаевқа кездестім. Ол кісі сол кезде Семей губерниялық оқу бөлімінде істеп, әрі мұғалімдер курсінде сабақ беретін. «Аз біліммен қайда барасың, ілгерілеп оқығаның жөн ғой», — деді. Сол кісінің кеңесімен



1921 жылы күзде Семейге келіп, педтехникумға түстім. Содан кейін қалай Ленинградқа барып Күншығыс институтында оқи бастағанымды жаңа өзіне айттым.

— Сіз Ленинградта Шығыстау институты мен Ленинград Мемлекеттік университетінің Шығыс бөлімінде қатар оқыдыңыз. Оған қоса Өнер тарихы институтында да лекциялар тындадыңыз. Үш оқу орнында сабаққа қатысудың өзі оңай емес. Бәрін қалай игердіңіз?

— Алдыңғы екі институтқа күндіз барамын. Сосын үйге келіп екі сағат демаламын да, кешке қарай Өнер тарихы институтына тартамын. Ол «Астория» мейманханасының алдында. Біз Мұхтар екеуіміз Васильев аралығындағы жетінші линияның бойында пәтерде тұрдық. Монет зауытында істейтін жұмысшының үйі еді, кейін Мұхтар оқуын бітіріп кеткен соң оның орнына өзбек жазушысы Айбек келіп орналасты. Екеуіміз Өнер тарихы институтына бірге барамыз. Эйхенбаум, Томашевский, Жирмунский



# КЕМЕЛ БИШГІ

сияқты профессорлардың тамаша етіп өткізген лекцияларын тындаймыз.

Ауық-ауық Мұхтар оқитын әдебиет факультетінің қызықты сабақтарына да барып қоямын. Олардың арасында, әсіресе XIX ғасырдың отызыншы жылдарындағы орыс романтизмі туралы әңгімелейтін профессор Сиповскийдің лекциялары аса ұнаушы еді. Ол кісі Пушкин мен Лермонтовтың трагедиялы тағдырын сондай жақсы айтатындықтан, аудиториядағы көп қыздар, келіншектер көздерінен мөлдіретіп жас төгіп отыратын. Бір күні профессор Сиповскийдің сондай лекцияларының біріне Мұхтар екеуіміз қатысып отырғанбыз.

Есіл-дертіміз мұғалімнің сөзінде болып ештеңе байқамаппыз. Бір уақытта қарасам, Мұхтардың шашының арасында бір қағаз қыстырулы тұр. «Мұхтар, шашыңдағы қағазды қара», — дедім. Ол: «Бұл не?» — деп алып қарап жатыр. Бір жапырақ қағазға: «Сіздің шашыңыз біздің лекция тындауымызға кедергі жасап отыр» — деп жазылыпты. Қызықты лекция үстінде де Мұхтардың әдемі бұйра шашы артымызда жайғасқан нұр жүзді арулардың назарын аудар берсе керек. Сөйтсем, олардың арасында өзіміздің болашақ жеңгеміз Валентина да бар екен ғой.

Ленинградта оқып жүріп көп ойланған нәрсем, ерте

кездерде Қазақстан туралы не жазылды, соны зерттеп білу болды, бұл жағынан Ленинград қаласының бір аяулы жері музейлері, кітапханалары өте көп. Олар адамға білім бермей қоймайды ғой. Білім алудың қия көздері, әсіресе Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы, Ғылым академиясының, Күншығыс институтының, Археология институтының кітапханаларында, толып жатқан архивтерде. Бұлардың бәрі кісіге білім беретін ақыл-ой ордалары сияқты. Оларда Қазақстанға қатысты материалдар өте көп.

— Сіз 1943 жылдан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы

көне мәдениет орындарында қазба жұмыстарын жүргізуге бас болдыңыз. 1946 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы Орталық Қазақстандағы ежелгі мәдениет іздерін зерттедіңіз. Ол археологиялық қазбалардың қорытындылары көне қазақ жерінде байтақ мәдениет үлгілері болғанын бұлтартқызбай дәлелдейді. Мәселен, мына шығармаңыздан да бұл жайында талай жарқын фактілерге ұшырасамыз, — дедім де өзіммен бірге осы кездесуге арнайы ала келген «Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты 1979 жылы шыққан жалпақ қара кітапты папкамын ішінен алып стол үстіне қойдым.

— Ә, мына кітап сенде де бар екен ғой, — деп Әлекең оны қолына алып отырып сөзін жалғады.

— Бұл Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген ғажайып бір кеніш, сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі. Жалпы, қазақ жерінде біздің эрамызға дейінгі мың жылдықтарды қамтыған қола дәуірінің мәдениеті жойқын дамығын. Соның сәулеттік бір белгілері — қыстақтар орны, зәулім обалар, биік үңгірлер — біздің эрамызға дейінгі XI-VIII ғасырларда Орталық Қазақстандағы Беғазы өзенінің бойы мен Дәндібай ауылы деп аталған мекен төңірегінде көп сақталған. Ғылымда Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталатын бұл сәулет пен өнер үлгілері бір жағынан, көне Қазақстан жерінде қола дәуірінен кейінгі көркейген алғашқы сақ (скиф) мәдениетімен сабақтасып, ұштасып жатыр. Сақтардың жойқын өнерінің бір төркіні осы мәдениеттің жарқын дәстүрлерінен бастау алады.

Кейбіреулердің көне Қазақстанда бағзы замандарда мәдениет ошақтары болмаған, қала салуды білмеген дейтіні бар. Ол қате. Ежелгі Қазақстанның байтақ жерін мекендеп, мал баққан, егін еккен, кен қазған бабаларымыздың дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесі орасан көп. Ана жылы Есіктен табылған «Алтын киімді адам» да сол байтақ мәдениетіміздің сәулетті бір айғағы...

(Әлекеңнің нағыз ғылыми ерлікке лайық атқарған үлкен жұмысы — ұлы ғалым, ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармасын тыңғылықты зерттеп, бес томдық академиялық шығармалар жинағын шығаруға бас болғаны. Шоқанға қатысты бұған дейін еліміздің сан архивтерінде жүйесіз шашырап жатқан бай мұраны жинақтап, реттестіріп, баспаға әзірлеу қаншама күшті, ыждаһаттылықты, білгірлікті керек ететіні өз-өзінен түсінікті. Бес томдықты зерделей отырып, ондағы Әлекең жазған Шоқанның өмірі мен қызметі туралы тамаша очеркті, әр томдыққа жасалған тиянақты алғы сөздерді, өздері үлкен бір татымды еңбекке әбден пара-пар қыруар түсініктерді, сілтемелерді оқыған кезде нағыз ғылымға деген адалдықпен, патриоттықпен атқарылған ұлан-ғайыр іске куә боламыз).

— Шоқан бір қарағанда, Мұзды мұхитындағы айсберг сияқты тұңғыық қой. Оның бес томдығы шықты десек те ашылмай жатқан мұралары әлі де мол, — дейді Әлекең бұл жөнінде. —

Шоқанның бес томдық кітабы шыққаннан кейін мен тапқан мақалалары мен зерттеулерінің өзі қазір жеке бір том құрауға жетеді. Мен олардың бәрін Ғылым академиясындағы жігіттерге табыс еттім. Келесі жылы Шоқанның туғанына 150 жыл толуына байланысты оның шығармалары қайта толығып жарық көргелі жатыр.

— Жақында Сіз өзіңіздің осы уақытқа дейін жазып біткен қолжазбаларыңызды он том етіп ретке келтіріп, жүйелеп қойды деген қуанышты хабарды естідік.

— Ол рас. Ол томдардың әрқайсысының келемі шамамен 35-40 баспа табақтай болмақ. Әрі бұл он томдыққа археология материалдары кірмейді. Алғашқы үш томы түгелдей әдебиет туралы еңбектерден тұрады. Бірінші томда түркі тектес халықтарға ортақ асыл мұралар: «Ер Төстік», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қорқыт», «Манас» жырлары жөніндегі ойлар айтылса, екінші томына көлемі 40 баспа табаққа жуық «Қазақ халқының эпикалық шығармалары» атты докторлық диссертациям кіреді. Онда Керей, Найман, Қыпшақ, дәуіріндегі эпикалық жырлар сөз болды. Үшінші томды «Қазақтың орта ғасырдағы әдебиет жазбалары» деп атап отырмын. Ол XV-XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ жазушыларының еңбектері туралы ойлардан тұрады. Онда Қадырғали Жалаиридің жазбалары, Бапан бидің дәптері, Өтеміс қажының шежіресі мен Шорманның Мұсасының еңбектері, шежірелері сөз болды. Төртінші томға әр кездері жазған мақалаларым кіреді. Бесінші томымды түгелдей Шоқан Уәлиханов туралы жазғандарыма арнадым. Орысша-қазақша бірдей дайындалған ол еңбек келесі жылы Шоқанның 150 жылдығына орай шығып қалар деп те отырмын. Әні-міне жарық көрейін деп тұрған үлкен еңбегім — алтыншы томымды құрайтын, түгелдей қазақтың халық өнеріне арналған үш томдық монография. Оны «Өнер» баспасындағы жігіттер әдемілеп дайындап, өндіріске жіберген. Қазір басылып жатыр. Қалған томдарымда қазақ өнері мен мәдениетінің әркілі мәселелері: көне заман өнерінің үлгілері, таңбалы тастар мен тас мүсіндер, ежелгі архитектуралық ескерткіштер және байырғы мәдениет белгілері сала-сала әңгіме арқауына айналады. Ендігі қалауым, сол он томдықты бір баспа шығарамын деп қолға алса тым дұрыс болар еді...

(Сексеннің қырқасына шығып, қимыл-қозғалысы шау тартса да, ойы жүйрік, санасы сергек күйінде қалған, баяғының абыздарындай ақылман қариямен әңгімеміз өлден уақытқа созылды...

...Әлекеңмен қош айтысып, үйден шыққаннан кейін Кіші Алматы өзенінің бойымен жоғары өрлеп жүріп келемін. Қолымда — халқымыздың заңғар ғұламасының ыстық алақанының табы мен қолтанбасы түскен кітап, көңілде — телегей-теніз ой дариясы іспетті шежіре жанның әңгімесінен алған көл-көсір әсер).



# ОТКУДА КОРНИ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕСТУПНОСТИ?

Убийство известного спортсмена Дениса Тена отчасти открыло скрываемое лицо казахстанской преступности. В СМИ и социальных сетях это вызвало всплеск материалов об этой стороне жизни – преступность в республике на высоком уровне. Однако официальные власти дали понять: никакой реформы правоохранительных органов не будет, у нас все нормально – наблюдается снижение преступности на 10 %.



ЗА ЛЮБОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ  
МОЖНО «ОТКУПИТЬСЯ»

При этом – никакого анализа причин преступности, освещения общей криминальной обстановки, ни слова о связи преступности с коррупцией, наоборот, жители сами виноваты – мол, покупаете на рынке ворованное, не защищайте свою собственность – воры могут быть агрессивными. Не говоря об известной «возможности» подачи нужной статистики.

Тем более всем известно стремление правоохранительных органов не регистрировать преступления, снизить их показатели, «квалификацию». Например, в 2015 г. случился шокирующий случай в Астане. Возле мусорного бака на территории дачного общества была найдена мертвая девушка со следами телесных повреждений. Возбуждается уголовное дело по факту «оставления человека» (?), а врачебное свидетельство гласит, что девушка умерла от общего переохлаждения организма (Кто станет следующей жертвой столичных серийных убийц????!! АВИУЕВ.КЗ, 06.04.2015).

Что означает снижение преступности на 10 %? Берется статистика преступлений за прошлый и за этот год и докладывается руководству страны: все нормально – по сравнению с прошлым годом преступность снизилась, и повода для беспокойства нет.

Но если сравнить с советским периодом, то с 1991 г. преступность в республике не только значительно выросла. За годы независимости появились малоизвестные или нераспространенные в советское время виды преступлений: рэкет, заказные убийства, наркоторговля, торговля людьми, сутенерство, в том числе с вовлечением несовершеннолетних в проституцию, небывалая коррупция, увеличение преступлений с применением огнестрельного оружия, «черные риэлторы», барымта и т.д. И оснований для самоуспокоения в такой ситуации не должно быть.

И в СССР преступность была на высоком уровне, но ряд фактов и признаков говорят не в пользу последних десятилетий. В нашей стране нет масштабных исследований этой «преступной» темы, научного анализа, выводов, поэтому причины роста преступности замалчиваются. По какой причине не изучается опыт, допустим, Японии, где не воруют, а случайно оставлен-

ная вещь найдет своего хозяина? Надо помнить, что в Степи не было тюрем, кроме отдельных зинданов, а юрты не закрывались на замки.

В Сингапуре преступность практически свели к нулю. Эта страна на 3-м месте по международному рейтингу убийств. Начинали с ужесточения ответственности за выброс мусора, курение и переход дороги в непопулярных местах, использование жевательной резинки, плевков на тротуар, кормление бродячих животных и птиц и многое другое.

МВД РФ хотя бы признало: в России уровень преступности выше, чем в СССР. Казахстан – не Россия, но и мы оставили далеко позади СССР в преступном «ремесле».

Отличительная черта казахстанской преступности в том, что она нередко тесно связана с коррупцией в правоохранительных органах. Был случай, когда в поселке под Алматы убили женщину, полицейские просили у родственников 3 тысячи долларов за открытие уголовного дела.

Как признался знакомый адвокат, преступников выгодней защищать – они хорошо платят, чем честные и бедные люди.

За любое преступление у нас можно «откупиться»: зная этот неписанный «закон», преступники не боятся возмездия. Недаром в нашей стране за последние годы отмечен рост коррупционных преступлений – одна из причин увеличения общей преступности. В конце 2016 г. Казахстан занял 131 место из 176 возможных по уровню коррупции по версии Transparency International. По этому показателю мы близки к России – «преступной» стране. Надо ли говорить, что в странах с наименьшей коррупцией (Дания, Новая Зеландия, Финляндия, Швеция, Швейцария, Норвегия, Сингапур и т.д.) наблюдается и наименьшая преступность?

Даже осужденные судом по статье «Причинение смерти по неосторожности» могут «скосить» срок отбывания в тюрьме, как это случилось с Александром Кузнецовым, которому заменили неотбытый срок наказания – 5 лет лишения свободы – на штраф 1 097 281 тенге.

## 70% ПРЕСТУПЛЕНИЙ В АСТАНЕ СОВЕРШАЮТСЯ ИНОГОРОДНИМИ

Всякое общественное явление имеет причинно-следственную связь, и как таковому должно быть логическое объяснение. Например, в первой половине 2012 г. в Казахстане было зарегистрировано свыше 137 тысяч преступлений, что было почти в 2 раза больше, чем за аналогичный период 2011 г. Причину же зафиксированного общего роста уровня преступности представители силовых структур связали с новой методикой регистрации правонарушений, принятой в рамках реформы правоохранительной системы. Вроде советская система оценки общей раскрываемости преступлений приводила к утаиванию многих случаев нарушения закона. За 2014 г. было снижение особо тяжких преступлений, хотя общее количество правонарушений увеличилось. В 2016 г. наблюдалось снижение преступности на 3,5 %.

В любом случае, у нас преступность на высоком уровне. Почти половина всех преступлений в Алматы совершается приезжими. 70% всех преступлений в Астане совершаются иногородними и более 80% – безработными. Стало быть, причины экономические, социального неравенства регионов, городских и сельских жителей? Село за годы независимости переживает существенный кризис: экономический, инфраструктурный, кадровый, образовательный и т.д. Такая же ситуация и во многих малых городах.

В самом деле, молодым людям из бедных аулов нет возможности выбиться в люди: везде все платно, по «блату», коррупция, а в селе – безработица. Они едут в города на заработки, где с легкостью могут пополнить ряды безработных, должников, проституток и преступников.

## РАСКРЫВАЕТСЯ ЛИШЬ ОДНА ЧЕТВЕРТЬ ВСЕХ КРАЖ

В Казахстане воруют все: чиновники, банкиры, хакеры, строители, барымтачи, профессиональные воры, простые карманники и т.д. Недаром воровство составляет 64 % всех преступлений. Ведь воровские дела не только преобладают, но к тому же воров не хватают



за руку – раскрывается лишь одна четверть всех краж.

Если мы посмотрим статистику зарегистрированных преступлений за годы независимости, то их пик приходится на лихие 90-ые гг.: наибольшее количество преступлений было в 1993 г. – 206 006. Многие бывшие рэкетеры впоследствии стали бизнесменами, предпринимателями. Затем с каждым годом наблюдалось постепенное снижение до 139 431 преступления в 1999 г. С 2000 г. вновь шло увеличение, в 2001 г. – уже 152 168, в последующие годы – незначительное понижение.

И неожиданно в 2011 г. рекордный рост – 206 800, обогнав лихие 90-ые! Недаром в СМИ писали о возврате преступности 90-х годов. А может всплеск преступности был связан с началом работы Таможенного союза – «союзный» криминал предпочел Казахстан с его неэффективными и коррупционными правоохранительными структурами? Или с новым ростом коррупции и безработицы?

К этому добавьте «касту избранных и неподсудных», некоторые представители которой открыто заявляют: «Что вы можете со мной сделать?», если даже их застали на месте преступления. «Крутизна» избранных проявляется не только в судебных делах. Распространенное явление «крутизна» можно часто наблюдать на дорогах городов, особенно Алматы, оно даже получило название – «усеновщина».

Лидерами по зарегистрированным правонарушениям, по данным Комитета по правовой статистике Генпрокуратуры, являются Алматы и Астана, по областям: Костанайская, Западно-Казахстанская, Восточно-Казахстанская, Карагандинская, Ақмолинская. А самыми некриминногенными регионами являются Павлодарская и Мангыстауская области.

Большинство краж не раскрывается, что является основной причиной их роста. А ведь в советское время велась целенаправленная борьба с карманниками в больших магазинах, на рынках, в

общественном транспорте и т.д. Сейчас же карманные, квартирные кражи, кражи из автомобилей – процветающий и безопасный «бизнес», особенно в общественном транспорте. По некоторым данным, лишь в одном районе Алматы ежедневно воруют 20-30 телефонов, подают заявления 10-15. Проблема становится национальной.

Конечно, воровство как социальное явление имеет советские корни. Но в годы независимости оно приобрело, наряду с другими видами преступлений, невиданный размах, если еще учесть увод денежных средств за рубеж.

Как отметил сайт 365info.kz, «В общем, время идет, но бандиты лихих 90-х сдавать свои позиции не собираются. Изменилось лишь то, что если раньше главной ударной силой ОПГ были бывшие военные или спортсмены, то сейчас основной упор делается на правоохранителей и чиновников, способных прикрыть в нужный момент».

Можно пунктиром отметить социальные причины роста преступности. Это безработица, социальное расслоение, низкий уровень жизни, ненужность государству, разруха села, коррупция, распад семейных устоев, «обозленное одиночество», алкоголизм, наркомания, несправедливое правосудие, отсутствие общественного ориентира и т.д.

P.S. Версия об убийстве Дениса Тена автодорами трещит по швам. Дело дошло до того, что они не могут поделить «роль убийцы»: то убивал Кудайбергенов (после задержания не только дал признательные показания, но даже указал следствию место, где было спрятано оружие убийство Тена – нож), а Киясов стоял и наблюдал, то Киясов убил (который расплакался на суде). Самое уязвимое: нет ни одного свидетеля (или свидетелей) – ни фамилий, ни фото, ни съемки, все – анонимные.

То же самое с врачами: ни фамилий, ни фото, ни видео, ни документов о действиях врачей скорой помощи (у них противоречивые данные: то множественные ранения, то один роковой удар ножом). Поэтому друзья и родные Дениса Тена ищут очевидцев, владельцев машин, которые были припаркованы 19 июля 2018 г. на Курмангазы-Байсеитовой. Практика советских времен по А. Вышинскому – признание обвиняемого есть царица доказательств – вряд ли поможет в этом деле: внимание мировой общественности приковано к нему.



Онайша МАНДОКИ:

## Кто, как и почему учит казахский язык в Венгрии?

Этническая казашка Онайша Мандоки около 40 лет проживает в Венгрии и на протяжении нескольких десятков лет преподаёт местным жителям казахский язык. В интервью Азаттыку она рассказала о своей методике преподавания и о том, почему переехала жить в Восточную Европу.

Репортеру Азаттыка выпал шанс встретиться в Будапеште с Онайшой Мандоки, вдовой известного венгерского ученого-тюрколога Иштвана Коныра Мандоки, похороненного в Алматы.

**Азаттык:** Почему вы стали вести курсы казахского языка в Венгрии?

**Онайша Мандоки:** По своей основной специальности я учитель русского языка. Окончила Атырауский педагогический институт. По приезде в Венгрию я заметила, что смогу работать лишь на казахском языке, потому что, кроме Коныра (Иштван Мандоки. — *Ред.*), никто казахским языком не владел. Русскоязычных было много. Английский язык я тогда не знала. Это был период, когда я только начала изучать венгерский язык. С 1985 года я начала обучать местных венгров казахскому языку. У меня были тысячи студентов. Это не моя специализация, но благодаря знанию языка стала «специалистом казахского языка». В те годы я дополнительно консультировала министерство иностранных дел [Венгрии] по вопросам культуры, традиций стран Центральной Азии.

**Азаттык:** Кто больше всего проявляет интерес к изучению казахского языка?

**Онайша Мандоки:** После приобретения Казахстаном суверенитета в 1990-е годы о стране начали говорить, и венгры стали изучать историю венгров через казахов, и те, кто заинтересовался родственными связями, начали проявлять интерес к изучению казахского языка. Сейчас интерес возрос в два раза. В основном казахский язык хотят изучать венгры и кипчаки (жители, которые верят в связь между венграми и казахским родом кипчак. — *Ред.*). Большинство из них — лингвисты, историки, географы и этнографы.

**Азаттык:** С какими трудностями сталкиваются желающие изучать казахский язык?

**Онайша Мандоки:** Изучающие язык затруднений не испытывают. Потому что оба языка похожи по структуре построения предложений, спряжениям. Различий мало. Дети это сразу чувствуют. Все хорошо осваивают. У венгров вообще никаких сложностей с изучением казахского языка не было. Они изучают не только язык, но и всё, что связано с жизнью казахов, — учатся ездить верхом, играть на домбре, кобызе, валять войлок, прясть на веретене,



Онайша Мандоки с венгерской национальной танцевальной группой, приехавшей в Астану на гастроли.



Иштван Коныр МАНДОКИ с супругой Онайшой

собирают юрту. Через язык проявляют интерес к истории.

**Азаттык:** Какой методикой вы пользуетесь при обучении казахскому языку?

**Онайша Мандоки:** Вначале я беседую с учениками. В обязательном порядке начинаем все с букв и грамматики. Дальше обучение по интересам — пословицы, поговорки, рассказы, легенды, учу, объединяя все темы. Учим не только грамматику.

**Азаттык:** После выхода на пенсию вы продолжите преподавать язык?

**Онайша Мандоки:** Обучая языку, я приобретаю силу. Мы живем в Европе, но говорим на своем языке. Сына также воспитываю по-казахски. Обучаю других казахскому языку. Со своими студентами говорю по-казахски и очень радуюсь, когда они играют на домбре и кобызе. Меня беспокоит ситуация с казахским языком на родине. Такое ощущение, что казахоязычные люди остались лишь в сельской местности. Объявили независимость и дали свободу. Однако всему есть предел, в том числе это касается и свободы. Знать иностранные языки — хорошо, однако казахский язык тоже нельзя забывать.

**Азаттык:** Расскажите свою историю переезда в Венгрию.

**Онайша Мандоки:** В Венгрию в 1980 году нас приехало 12 человек. Я согласилась выйти замуж за Ко-

ныра (ныне покойный тюрколог Иштван Коныр Мандоки), и мы с друзьями, родственниками, моим отцом приехали сюда. С тех пор живу в Будапеште. Это было советское время, тогда сложно было выехать за границу. Поехать в Венгрию нам помог Олжас Сулейменов.

**Азаттык:** Вам сразу удалось привыкнуть к жизни в другой стране? С чего началась ваша жизнь в Венгрии?

**Онайша Мандоки:** На протяжении месяца рядом со мной находились мои родственники, поэтому как-то не заметила, было весело. После их отъезда почувствовала себя одинокой. В 1981 году я оформляла документы и тогда узнала, что в Будапеште проживает всего три выходца из стран Азии. Когда я шла по улице, все оборачивались мне вслед. По приезде я сразу записалась на курсы венгерского языка. В течение года я хорошо освоила язык. Позднее стала работать в Академии наук и в это же время работала журналистом. В советское время выходили журналы «Советский Союз», «Девушки, женщины», «Факел». Я брала интервью для этих журналов на венгерском языке, переводила их на русский. В университете проводила со студентами практические занятия. Так началась моя преподавательская деятельность.

**Азаттык:** По официальным данным, в Венгрии проживает 200 казахов. Как живет казахская диаспора в этой стране?

**Онайша Мандоки:** У всех есть работа. Живут хорошо. Мы встречаемся на мероприятиях. Сообща решаем, если кто-либо нуждается в помощи. Одна проблема — у нас нет казахской школы. В Сегедском университете преподают казахский язык, однако, как я слышала, студенты экзамены по предмету не сдают. Прежде сдавали тесты по казахскому языку и получали сертификаты. Сейчас я планирую взяться за это дело. Думаю, число желающих изучать казахский язык возрастет. Потому что здесь не выдают диплом [университетский] без знания двух языков.

## ИСТОРИЯ ОДНОЙ ОШИБКИ, ИЛИ КАК ИСКАЗИЛИ СЛОВА АБАЯ

У Абая есть эти проникновенные строчки:

О, казахи мои,  
мой бедный народ!  
Ус, не ведавший бритвы,  
скрывает твой рот.  
Кровь за левой щекой,  
жир за правой щекой.  
Где добро и где зло,  
ум ли твой разберет?

Вот эти-то строчки и не дают покоя Канату Тасибеккову (автору учебника «Ситуативный казахский»).

— Я впервые прочел эти слова на русском языке в переводе Юрия Кузнецова еще будучи школьником, — говорит он. — Помнится, они меня потрясли. В моем детском воображении возник образ современного Абая казах. Этот отроду небрившийся дикарь так жадно и свирепо поглощает мясо только что зарезанного им барана, что на щеках застывают вперемежку кровь и жир. Вдобавок ко всему мой не столь далекий предок не может разграничить понятия добра и зла.

Став академическим, этот перевод стал цитироваться повсеместно. Казахи, слыша столь нелицеприятные строчки о себе, только поеживаются и вздыхают: «Ну и врезал же нам Абай камчой наотмашь. Но ему можно — он наш гений!» Неказахи пожимают плечами: «Раз их собственный, горячо любимый Абай так о них говорит, что же остается нам?»

Первоисточник между тем звучит так:

Қалың елім қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз ауызына түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Всерьез взявшись изучать родной язык, в казахско-русском фразеологическом словаре, выпущенном в 1988 году издательством «Мектеп», Канат Тасибеков обнаружил статью, где давалось толкование фразеологизма «Бір ұрты май, бір ұрты қан» (на одной щеке жир, на другой — кровь). Оказывается, так говорят о человеке, в котором уживаются противоположные качества. Он может быть в зависимости от обстоятельств и добрым, и злым, и непостоянным, и верным, и хитроумным, и прямолинейным.

— Как же так?! — пробежали у меня мурашки по спине. — Неужели за все эти годы никто так и не обратил внимания на буквальный перевод фразеологизма? — горячится Канат. — Задавшись этим вопросом, я продолжил поиски и — нашел! «Мұртына ұстара тимеген» (усы, не знавшие бритвы) — так говорится о человеке, который, не признавая ограничений и запретов, живет, рассчитывая только на себя. Так вот оно как, оказывается!

Словосочетание «қайран жұртым» переведено как «мой бедный народ», тогда как «қайран» в данном контексте переводится как «мой любимый (или милый) народ». Очень часто мы, казахи, употребляем это слово с нотками нежной грусти в отношении близких родственников, например, родителей: «қайран анам, қайран әкем» — «милая мама, незабвенный отец».

Не замахиваясь ни в коей мере на статус переводчика Абая, смею предположить, что это первое четверостишие должно бы в переводе иметь примерно следующую нап-равленность:

О, казахи мои, мой любимый народ!

Ты не знаешь запретов —

жизнь вольно идет.

Поступить как, не знаешь —

плохо ли, хорошо,

Ведь в тебе в равной мере и зло,

и добро?

Абая переводили очень хорошие поэты. Юрий Кузнецов — не исключение. Но они ведь делали перевод для русскоязычного читателя с подстрочника, подготовленного носителями языка. Я лично не могу найти объяснения, почему вершина нашей поэзии, великий Абай так искажен в одном из своих программных стихотворений? Почему из-за человека, сделавшего неграмотный подстрочный перевод фразеологизмов, присутствующих в оригинале, мир должен подозревать наших предков в игнорировании бритвы, сыроедении и неспособности отличить плохое от хорошего?

Канат Тасибеков считает, что судьба сыграла злую шутку с Абаем, так талантливо и точно передавшим на казахском языке поэзию Пушкина и Лермонтова. Общеизвестно также, что перевод, а затем переложение на музыку степным гением стихотворения Лермонтова «Горные вершины спят во мгле ночной» (великий русский поэт в свою очередь сделал вольный перевод «Ночной песни странника» Гете) по певучести и ритму даже превзошел оригинал.

Галия ШИМЫРБАЕВА  
kazpravda.kz (в сокращении)

Нургуль ТАПАЕВА  
rus.azattyq.org, 07.08.2018

На вопрос, чем отличаются казахский русский от русского россиянина, мы уже писали. Многие эксперты сошлись во мнении, что различия существуют не только в языковой практике, но и в ментальности. Насколько же она ощутима? Этот вопрос был задан тем русским, которые переехали на ПМЖ из России в Казахстан.

### КЕЛИН ИЗ РОССИИ

Анна Коурова родилась и выросла на российском Дальнем Востоке. Сейчас она казахская келин и живет в Казахстане. Анна ведет блог в Facebook, где делится своим опытом погружения в местную среду, теперь ставшей для нее своей.

Русские в России пьют не Алматы, а Алма-Ата, считают, что сотка — это 100 рублей, редко пьют чай с молоком, баурсаки жарят в форме спасательного круга, посыпая их сахарной пудрой и называя пончиками (а питеццы и вовсе пышками).

Русские в Казахстане говорят «ман-



# КАЗАХСКИЕ РУССКИЕ: деликатные, мягкие и открытые



«А там он с семьей? С детьми вместе переехали? А домой когда поедет?»

Папа ответил, что не мог же он у незнакомого человека выспрашивать такие подробности. А я после 10 лет в Казахстане уже считаю это нормальным. Ну как же уйти, не спросив «Отбасыңыз қалай? Бала-шығаныз қалай? Бәрі аман-есен бе?» («Как семья? Дети? Знакомые? Все благополучно? — перевод ред.»)

### СУРОВЫЕ СЕВЕРЯНЕ, ДЕЛИКАТНЫЕ ЮЖАНЕ

Юрий Дорохов уже более 10 лет живет и работает в Казахстане. Из своего опыта он делится наблюдениями о разности казахских и российских русских.

Я вырос в Сибири, долго жил на Урале и могу сказать, что сибиряки и уральцы довольно схожи по характеру с жителями Северного Казахстана — и с русскими, и с казахами. Люди прямые, немного суровые, но откровенные.

А вот на юге Казахстана русские отличаются большей мягкостью характера и деликатностью в общении.

В Казахстане я живу уже 10 лет и, насколько понимаю, здесь много внимания уделяется личному статусу человека — и собственному, и чужому. Соответственно, люди стараются сохранять социальный статус, а для этого один из путей — меньше конфликтовать. То есть общение здесь менее жесткое, более деликатное.

Есть такие понятия как «алматинский характер» и «алматинское «нет»». Чаще всего последний термин употребляют северяне.

Алматинец старается не обидеть собеседника, в том числе прямым отказом. Если алматинец говорит: «Я постараюсь, я подумаю, посмотрим, что можно сделать», это уже нужно расценивать как решительный отказ по-алматински.

Это свойственно людям самых разных этносов, проживающих в Алматы. Есть, конечно, люди, которые сразу говорят как есть, но в целом ситуация такая.

Как мне сказал один русский бизнесмен из северного Казахстана, «не люблю я этих ваших алматинских вариантов» и показал рукой волнистую линию. Может быть, благодаря такой тактичности люди здесь более открыты и легче вступают в контакт. Нет никаких проблем поговорить с незнакомцем на улице, что-то обсудить — это воспринимается нормально.

Когда я впервые вернулся в Россию после Алматы, почувствовал, что со мной что-то не так.

Потом понял — иду по улице и не улыбаюсь. Все вокруг серьезные — и я серьезный. Здесь, на юге Казахстана, люди чаще здороваются с незнакомцами и чаще улыбаются друг другу, и это здорово.

### РУССКИЙ ЯЗЫК В КАЗАХСТАНЕ ЧИЩЕ

Есть отличия в языковых практиках. Принципиальной языковой разницы нет, но есть такие нюансы. Мне часто не верят, но здесь, на мой взгляд, лучше сохранились нормы литературного русского языка, чем в России.

Это явление на самом деле нормальное для всех языков. В английских бывших колониях — Австралии, Новой Зеландии, Канаде — с одной стороны, заимствуют какие-то местные слова и обороты, но с другой, английский язык лучше сохраняет старые формы.

Так везде на планете — в центре языковой культуры язык меняется быстрее, чем на периферии.

В Алматы такая же ситуация с русским языком. Например, 10 лет назад, когда только переехал, я слышал такой глагол как «кушать». В России в те времена уже давно так не говорили, это был некий архаизм. Сегодня и на юге Казахстана это слово используется редко — то есть язык меняется, но с некоторым запаздыванием, хотя интернет ускоряет этот процесс.

### ЕСТЬ РУССКИЕ, КОТОРЫЕ ПЕРЕЕЗЖАЮТ ИЗ РФ В РК

Многие говорят, что казахстанские русские идентифицируют себя с Россией. А я знаю достаточно много местных русских, которые связывают себя именно с Казахстаном — они тут родились, выросли, у них душа болит за эту страну. Основная масса тех русских, кто очень хотел уехать в Россию или Европу, уже уехали. Сейчас я не вижу особой разницы по национальному признаку среди тех, кто задумывается о переезде, как и среди тех, кто никуда уезжать не намерен.

Конечно, сальдо миграции русских отрицательное, в отличие от казахов, но при этом есть русские, которые переезжают жить из России в Казахстан, я не один такой. Поток идет в обе стороны.

Более того, я знаю случаи, когда русские возвращались из России в Казахстан, потому что тут им более комфортно, ментальность ближе, и это проявляется в каких-то нормах поведения, бытовых привычках.

### ДРУГАЯ КУЛЬТУРА ПИТЬЯ

В Казахстане меньше пьют алкоголь, чем в России. Особенно это проявляется на юге. Надо сказать, что в последние годы и в России стали гораздо меньше пить, пошла мода на здоровый образ жизни, но все-таки разрыв с югом Казахстана сохраняется.

Думаю, это влияние ислама, и оно распространяется даже на тех, кто не считает себя мусульманином.

Здесь другая культура питья. В России считается нормальным выпивать на улице с друзьями. С этим борется полиция, но люди все равно стараются придерживаться традиции. В Казахстане это встречается гораздо реже, люди предпочитают употреблять спиртные напитки дома или в кафе, в общем, в специально отведенных для этого местах.

Когда я сюда приехал, сразу столкнулся с некоторыми различиями в ментальности, причем характерными и для русских, и для казахов. Не могу сказать, что эта разница огромна, но она есть.

### «РУССКИЕ КАЗАХИ» НЕ ЛЮБЯТ РУГАНЬ

Поначалу я пытался применять те же методы управления людьми, что в России.

Там распространен командный стиль работы: я начальник, как сказал, так и делай. Тут этот метод не всегда срабатывает.

Люди привыкли к более деликатному общению, и когда ты начинаешь ругаться, злиться — воспринимают довольно обостренно, как переход на личности, обижаются и начинают игнорировать твои требования.

До меня не сразу дошло, что если алматинец (хоть русский, хоть казах) что-то делает неправильно, одного приказа будет мало — надо объяснить человеку детально, почему будет лучше поступить по-другому. Если ты объясняешь, причем без перехода на личности, то он, как правило, перестраивается и меняет свой рабочий процесс.

Не всегда у меня это получается, старые привычки иногда дают о себе знать, но я стараюсь. Такой подход отнимает время на начальном этапе, но окупается тем, что человек начинает лучше понимать, что он делает, зачем он делает.

Вот это, пожалуй, единственная вещь, которая действительно меня зацепила и поначалу поставила в тупик.

### КАЗАХИ НАПОЛОВИНУ

Еще одно наблюдение: в Алматы матом именно ругаются, а не разговаривают. Когда я работал журналистом в России, у нас было нормальным использовать «крепкое слово» в общении, эмоции показать. Например, давая указание подчиненному, для подкрепления своих слов можно было что-то такое добавить.

В Алматы это воспринимают именно как ругательство, а значит, неуважение. Я бы сказал, что я не разучился, но отучился.

Все эти отличия среднеазиатских русских от российских имеют глубокие корни. Русские жители появились в Центральной Азии еще во времена Тамерлана — он привел с собой пленных мастеровых. Потом сюда добирались и оставались жить торговцы, беглые солдаты.

Есть такое слово «шала-казах», сейчас оно воспринимается как ругательное. Так вот, мне в литературе встречалось упоминание, что в XVIII-XIX этим термином называли переселенцев на казахские земли — татар, сартов, русских, которые оставались тут жить. Они перенимали обычаи и традиции казахского народа, многие принимали ислам. Становились казахами наполовину — не по крови, но по духу и культуре.

Потом уже слово поменяло свое значение. Меня иногда спрашивают, кем я себя ощущаю. Я, конечно, русский, причем российский русский, но я чувствую, что общаюсь и с местными казахами, и с местными русскими, я все-таки немного меняюсь сам.

У меня есть друзья-казахи, которые мне стали как братья и сестры. Я двойной счастлив: и в России, и в Казахстане чувствую себя как дома.

**Металлург және көрнекті қаржыгер, белгілі саясат қайраткері, кезіндегі Парламент жоғарғы палатасы Сенатының мүшесі Дәулет Сембаев өзінің әкесі, СССР Педагогика ғылымдары академиясының академигі, 1941–1955 ж.ж. Қазақ ССР Оқу министрі Әбдіхамит Сембаев туралы сыр шертеді.**

— Әке әркімге де ыстық. Әкем жайында сөз қозғалса, кілең бір шуақты әсерге бөленемін. Бірақ ол туралы айтудан көп тартынады екенмін. Өйткені туған әкеңнің қайраткерлігі туралы пікірде артық кетіп немесе кем қалып жатуын ықтимал. Десек те, оның мерейтойы тұсында, бүкіл өмірін халық ағарту ісіне сарп етіп, қазақтың орта мектебі іргетасын қалап, кейін лауазымды қызметтер атқарған кісіні өте жақын білетін адам ретінде оның кейбір ерекше қырларына тоқталсақ айып болмас.

Әкеміз катал кісі емес еді. Бірақ ғұмыр бойы адамгершілік қағидаларды берік ұстанған оның әрбір әрекеті мен іс-қимылы, айтқан сөзі біз үшін бұлжымас заң ретінде қабылданатын.

...Есіме түседі, жетінші класта жүргенімде балалық әуестікпен темекі тарттым. Шешем Мағи да өмір бойына Қазақ Ауылшаруашылығы институтының Ботаника кафедрасында доцент болып ұстаздық қызмет атқарған адам еді, өте аңғарымпаз жан, бір күні шылымның иісін сезіп қалып, қатты ұрысты.

Әкеміз жұмыстан кешкі алтыда келіп, екі-үш сағат мызғып, демалып алады да, қызметіне қайта барады. Қызмет тәртібі солай. Ол келердің алдында үйден шығып кетемін. Ұйықтап жатқан кезінде келіп, енді тұрады-ау деген тұста және зытамын. Бұл құлығым ауладағы балаларға қосылып, темекі тарту үшін керек. Үш-төрт күн өстіп жүрдім.

Бірде осылайша тағы да тайып бара жатыр едім, әкем бұрынғысынан ертерек оянып кеткен екен, дауыстап тоқтатып:

— Әй, балам, тұра тұр! Жаңа шешеннен естідім, сен азамат бола бастаған екенсің, темекі тартатын көрінесің. Енді көк түгінді бір үйде екі адамның қосыла бұрқыратқаны жараспас, мен шылымды тоқтаттайын (өзі де шегетін еді), сен тарт! — деді.

Шешеме: «Сен бұдан былай балаңа темекі сатып әперіп тұратын бол. Темекі болғанда да, анау-мынау арзанын емес, тәуірлеу, қымбатырағынан ал!» — деп, тапсырма берді.

Біреу үстімнен суық су құйып жібергендей, состиып тұрып қалыппын.

Содан соң шегінер жер қалмағанын біліп, «қылмысымды» мойындап, әкеме ендігері темекіге жуымаймын деп уәде бердім. Бұл сөзімде тұрдым да.

Бір қызығы, әкем де дәл сол сәттен бастап әлгі айтқанын орындады, өле-өлгенше шылымды қойып кетті.

Қазір ойласам, бұл оның баланы жаман әдеттен жирендірудегі айырықша тәсілі екен.

Кім біледі, сол жерде басқа адам болса, баласын ұрар ма еді, қайтер еді?!

Әкемнің тағы бір қызық әдеті — кейде демалыс күндері Алматыда тұратын туыстарының балаларын жинап алып, ресторанға түскі асқа апаратын. Оншақты бала топырлап, жұртты таңырқатып, сәулетті мейрамханаға кіріп бара жатады.

Менің:

— Әке, онсыз да шаршап жүріп, жас балаларды ресторанға апарып



# Қайран біздің әжелер...

несіне әуре боласыз!? — дегеніме қарамайды.

Ондағы мақсаты — балалар қоғамдық орындарда өздерін қалай ұстауды үйренсін, ел алдында отырып тамақтануға, шанышқы, пышақты дұрыс пайдалануға дағдылансын дейді екен.

Мұндайда күнібұрын балалардың шешелеріне:

— Балаңды бәлен күні жуындырып, жақсы киіндіріп, шаштырнақтарын алып, аяқ киімдерін тазалатып, маған жібер! — деп телефон соғады.

Тапсырмасынан мін шыкса, балаларға: «Келесі жолы дұрысталып, дайындалып кел!» деп ескертеді.

Даяшылар қызметін арақ-шарап алмай, ас қана ішіп, аз ғана отырып кететін кішкене «қонақтарды» қабылдағысы келмей тыржындап жүріп жасайтын көрінеді...

Әйтеуір, бұл да тәрбиенің ерекше бір қыры екен. Әлгі балалардың бәрі бүгін есейген. Әкемнің сол әдетін ұмытпайды. Блғи:

— Әбекең не деген ғажап адам! — деп, тамсанып, бас шайқап, еске алып отырады. Көкеміз мұны да білсе керек.

Әкемнің әркімге үлгі боларлық бір қасиеті — қандай жағдайда да сабыр сақтап, кез келген құбылысқа салауатты, ақыл көзімен қарай білуінде еді. Аса жауапты қызметтерде отырғанда Компартия Орталық Комитетінің бюроларынан қатаң сөгіс алып келіп жүрген сәттері де есімде. Ол сөгістерді «ұлттық қателіктеріне» бола, қазақ әдебиеті оқулықтарына «буржуазияшыл», «байшыл», «керіартпа» ақын-жазушыларды енгізгені үшін алады екен.

Ондайда да еш әбіржімей сыр сақтап, тағдыр сокқысын ерекше жігер-қайратпен көтеретін. Ол іштей жеке пікірінің дұрыстығына, өз ақыл-парасатының адалдығына сенгендіктен болар.

Оның бұл қасиеті барлық балаларына да жұқты-ау деймін. Өз басыма сол әке ғибраты көп көмегін тигізді деп деп білемін.

Өзі қызметінде болған әңгімелерді балаларының арасында талқыға салудан тартынбайтын.

— Ана үлкен кісі солай деді. Оны, меніңше, осындай себеппен айтқан болуы керек, — деп, бізбен ұдайы ой бөлісіп, сырласып отыратын.

Біз де бұдан соң белгілі қоғамдық мәні бар оқиға туралы толғанып, өз пікірімізді түйе мәжбүр болатынбыз.

Және бір қасиеті — ол балаларының жоғары оқу орындарына түсуінде, қызметке орналасуында беделін сатпайтын, орынсыз қолқа салып әркім-біркімге телефон шалмайтын. Сондықтан, әрқайсымыз өз күшімізге ғана сүйенетінбіз.

Мемлекеттік емтихандарда кластас қыз-жігіттер:

— Әкең — министр. Сенің билетте қандай сұрақтардың болатынын, қандай шығарма келетінін білмеуің мүмкін емес, — деуші еді. «Ой, қайдан білемін оны!» дегеніне сенбейтін.

Мен жоғары оқу орнына түсерде Мәскеудің политехникалық институтына қабылдау емтихандары осы Алматыда болды. Барлық сынақтарды жақсы тапсырып келген соң ғана әкеме:

— Осылай да, осылай. Мәскеуге баратын болдым, — деп келдім.

Әкем біраз ойланп:

— Мәскеуде аған Дәурен оқып жатыр. Енді онда сен баратын болсаң, Ресейде екі бірдей студентті оқытуға біздің шамамыз келмес. Мәселе сенің қай жерде, қандай оқу орнын бітіргенінде емес, кім болып шыққандығында ғой. Мысалы, мен өзіміздің ҚазПИ-ді тәмамдадым, бірақ Одақтағы әріптестерім институтты орталықтан бітіргенсің деп кеу-

демнен итерген емес. Сондықтан сенің Алматыда оқығаның дұрыс. Кейінірек екі қыздың да біреуін ғана Мәскеуден оқытармыз, — деді. Келістім.

Қазір әкемнің көзін көрген адамдардың ешқайсысы «Сембаев балаларын беделін салып оқытты» дей алмас.

Екі қарындасымыз — егіз. Бұл ата-ана үшін кәдімгідей мақтаныш қой. Шешем қыздарын бірдей киіндіріп бәйек болатын. Мектепте олардың бірі — гуманитарлық, екіншісі техникалық ілімге икемділіктерін байқатты. Сәуле — ауызша сабақтарға, Рауза — есепке жүйрік. Кейде бұлар қос тамшыдай ұқсастықтарын пайдаланып, тақтаға бірінің орнына бірі шығып, кез келген сабаққа мүдірмей жауап бере беретін көрінеді. Осыны сезіп қалған әкем екеуін екі мектепке бөлгізіп жіберді. Бірі Алматыдағы №10-шы, екіншісі №40-шы мектепті бітірді. Әкемнің бала тәрбиесінде адамның ойына келмейтін осындай да бір әдістері бар еді. Мүмкін, өзге бір ата-аналар болса, егіз балаларын не жағдай болса да, бір-бірінен айырмауға күш салар ма еді?!

Нәтижеде екі қарындасымыз да

бе, кейбір қазақылық дағдының мәнін түсінбей жатасың. Біреулер қызмет орнына келіп әңгімесін:

— Әбекеңді білуші едім, — деп бастағанда әкемнің атын саптып, ұпайын түгендемек пе деген күдікпен:

— Әбекеңді білсеңіз, шаруанызды соған барып айтыңыз! — деп, бетін қайтарып тастаушы едім.

Енді қарап отырсам, соным қателік көрінеді. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін» деген — әлгі адамдар әкеміздің жақсылықтарын айтып, сыр бөліскісі келеді екен-ау. Ауыл қазағы мен қала қазағының менталитеті жер мен көктей ғой.

Жас келген соң қан тарта ма, атажұртқа, ауылға, туыстарыма барып, араласып тұрғым келеді. Таяуда атамекенге тағы бір барып, аунап-қунап қайттым.

Әкей болса ешкімді ауылдың, қаланың адамы деп бөлмей, бәрінің де тілін тауып, сөйлесе білетін. Тіпті, жас сәбилердің де жан дүниесіне жіті үңіліп, әңгімелесіп отыратын. Ол немерелерінің де жан-жақты болып өсуіне зор ықпал етті.

Оның бос отыратын кезі болмайтын. Көзі жұмылғанша еңбек-



білікті маман болып шықты. Олар бүгін әкелерінің әлгі әрекетіне ренжімейтін болар.

Біздің министрдің баласы екендігіміз еш сезілмейтін-ді. Аңғаруымша, ол кезде қызметі үлкен болғанмен, әкейдің жалақысы жарытымды болмайтын. Құбатөбел тірлік кештік. Артықшылығы — машинасында, саяжайында ғана болатын. Әйтпесе біз де ел қатарлы картоп, қапуста салып, оны тұздап, қысқа әзірленетінбіз.

Әкей өзін біздің ешуақытта жаманатқа қалдырмайтындығымызға шексіз сенді. Ержеткен кезімізде Дәурен екеуіміз би алаңдарына барып, бойжеткендерді шығарып салып, шараптың да дәмін татып, үйге түнделетіп кеш оралатынбыз. Әкей бұларын не демейтін.

Оны министрлік қызметтен босатқан тұста біреу:

— Сіздің Дәулет деген ұлыңыз айықтырғышта мас болып отыр. Келіп алып кетіңіз! — деп, телефон соғады. Әкем иланбапты. Шешем де:

— Ешқайда барма, өзі келеді, — деп жатыр екен.

Осындай әңгіме болып жатқан кезде мен де кіріп келдім. Үйдегілер ан-тан.

— Жаңа сені айықтырғышта отыр деді ғой...

— Қайдағы айықтырғыш?! — Сөйтсек, әкеммен қызметте қырғикабақ болған біреу оны осылайша «қалжындап» мұқатпақ болса керек.

Әкемнің бақыттылығы да балаларына сенім артқандығында ма деймін. Біз де соған сәйкес оның атына кір келтірмеппіз.

Қазір Дәурен екеуіміз де талайға келдік. Ойлап отырсам, біздің тыныс-тіршілігімізден күні бүгінге дейін әке сіңірген тәрбие сезілетіндей.

Дегенмен, қалада өскендіктен

тенумен болды. Демалыс күндері де ерте тұрып, киініп, галстугін тағып, жұмыс столына отыратын.

— Галстукті босансымау үшін тағамын. Мұнсыз еріншектене бастайсың, қисайып жатқын келеді... Педагогика — өте күрделі, қиын сала. Меніңше, ең жақсы мамандық — сылақшының мамандығы. Бір қабырғаны боясаң жарты сағаттан соң-ақ жұмысыңның нәтижесін көресің. Ал, педагогикадағы еңбегіңнің жемісі бес-он жылдан соң бір-ақ байқалады. Мен баяғыда басқа таңдау болғанда су құбырын жөндейтін сантехник немесе құрылысшы, сылақшы болар едім... Ай, бірақ педагогикаға не жетсін! — дер еді.

Өзі қолынан келмейтіні жоқ, шебер болатын. Құрал-саймандарының бәрі жарқырап, орын-орнында сақадай сай тұрады. Біз бірдене істемек болсақ, оларды әкейдің рұқсатымен алатынбыз. Сұраусыз пайдаланған болсан:

— Мынаны біреуін ұстапсындар ғой! — деп бірден білетін.

Үйдегі ағаш шеберінің жұмыстарын бар ынтасымен беріліп, сүйсініп атқаратын.

Кітаптарын да ғажап тәртіппен ұстады. Іздеген дүниесін тұрған жерінен көзін жұмып-ақ ала салатын.

Қазір бұлар да иелерін іздеп жетімісіреп тұрған сияқтанады.

Әрине, мәңгілік ешкім жоқ. Басты мақсат — еңбегіңнің өлмегендігінде шығар. Қазір әкейдің қызметі лайықты бағасын алуда. Біз үшін — сол қуаныш.

Жазып алған  
Құлтөлеу МҰҚАШ

Алматы

**Бүгінгі ұрпақ өткен ғасырдың алғашқы жылдары 1924 жылы 73 жасында өмірден өткен шешен Жанғабыл Әтекеұлы туралы көп біле бермейді. Жастайынан елдің назарына ілігіп, талай дау-дамайға қатысқан Жанғабыл албан, қырғыз және қызаи арасында танымал болған шешеннің бірі. 1916 жыл Қарқарада болған албан көтерілісінің қаһармандары – батыр Ұзақ, данагөй Жәнеңке, Әубәкір, Тұрлықожа, Нөке, Диқанбайлармен қатар жүріп, ел-жұрттың тағдырына араласқан. Жанғабылдың жерленген жері Нарынқолдың күре жолының Қарасаз ауылына баратын Қызылбұлақ деген жерінде. Кеңес заманында тұрғызылған бейіт төрт бұрышты там етіп, қоршалған болса, көп уақыт елеусіз болып келген еді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шешеннің ұрпақтары шағын күмбез тұрғызып ас беріп, құрметтеді. Күмбезде Жанғабыл Әтекеұлының қай жылы дүниеге келіп, қайтыс болған жылдары, шешен туралы тақта қойылып, онда атақты ақын Көдектің және ғалым Жұмаш Өтеевтің бірер шумақ өлеңдері жазылған.**

# ЖАНҒАБЫЛ ШЕШЕН



Ел ішіндегі талай дау-дамайды бала кезінде араласып, әділдікпен шешкен шешен күні бүгінге дейін терең зерттелмей қалды. Оның түрлі себептерге байланыстыруға болады. Кеңес өкіметі бай мен биге, батырға қырын қараған кезінде Жанғабылдың да есімі тасада қалғаны рас. Оның шешендік тапқырлығы туралы білетін көне көз қариялар өмірден ерте өтіп, Жанғабылдың мұралары жиналмай қалды. Және де оның мұраларын жинаушылар да болмады. Сонда да ел ауызында айтылып жүрген сөздері, тапқырлық шешендігі әлі де «Жанғабыл шешен айтыпты» деген әңгіме баршылық. Сондай әңгімені әкем Сағымбек пен атақты ақын Еркін Ібітановтың әкесі Жұмаділ қария отырған жерде айтып отыратын. Жұмаділ қария бір әңгімесінде «Біздер 1920 жылдары Қарасаздан оқуға аттандық. Жолай Қызылбұлақтан Жанғабыл қария кездесіп, амандастық. Онда өрімдей баламыз. Бәріміз Жаркентке оқуға кетіп бара жатқан едік. Қария жолдары болсын деп шығарып салып, менен сәлем айтарсындар, – деп қоштасқаны есімде. Жанғабыл байлық құмаған, шешендігімен танымал болған, тілмар кісі» деп айтса, әкемнің де айтқандары күні бүгінге дейін есімде.

## БУРЫЛАТ

Бір жылдары Жанғабыл жақын ағайыны Диқанбаймен болыстыққа түсіп, ілеге алмапты. Болыстықты байлығымен Диқанбай алып кеткенде Жанғабыл:

Жігітке байлық жақсы биліктен де,  
Алып кетер болыстықты киліккенде.  
Арғымақтан жал жетесе,  
Тұғыр озар жүйріктен де, – депті. Бұл әңгімені естіген Жанғабылдың жақын туысы Нөке: «Жанғабыл-ау, ағаң Диқанбайдың болыс болғаны өзінің болыс болғаны емес пе? Одан да ағаңа айт, саған бір ат тарту етсін» деген екен. Нөкенің сөзін Жанғабыл іліп әкетіп:

Сәлем де Диқанбайға бір ат берсін,  
Мінілмеген жеті жылғы құр ат берсін.

Бермесе құдайым, көк шолғама қуат берсін, – деп жүріп кетіпті. Бұл әңгіме Диқанбайға да жеткен. Жақынының көңілін қалдырғысы келмеген Диқанбай Жанғабылдың сұратқан жеті жыл мінілмеген бұрыл атын беріп, сұратқанын беріпті. Бұған ел де бәрекелді дескен. Болыстың жүйрік атына Жанғабылдың қолы жаңа тигенін естіген құдасы Дәркембай көп кешікпей оған сұрау салғызып, қызыққан көрінеді. Құдасының көңілін қалдырғысы келмей Жанғабыл шешесі Креспен ақылдасып, бір жауабын бермек болады. Сонда анасы: «Балам, жаныңды пида етіп, Диқанбаймен болыстыққа түсіп, одан ат алдың. Ол атты ең болмаса бір жыл мініп, қызығын көрмейсің бе? деген ниетін білдіріпті. Анасының тілін алған Жанғабыл бұрылы атты бір жыл мінген. Келер жылы қыс қатты болып, Жанғабыл қолындағы бар малы қырылып, жоқшылықтан кедейленіп қалса керек. Қиындықтан жол іздеп, құдасы Дәркембайға сөз салып, 100 қой сұратып, кісі жіберіпті. Құдасының бұйымтайын естіген Дәркембай келген кісіге хат жазып, «мұны Жанғабылдың қолына бер» деп құры қол шығарып салады. Құдадан құры қол қайтқан кісі хатты Жанғабылға берген.

«Сәлем де Креске, Бермеді бұрылы атты тілдескенде. Түгі жоқ қу кедей, Енді менімен тіресе ме» деген жауабын оқыпты да шешесіне қарап: «Айналайын апа-ай, мені жұмыртқа

қылып шайқадың, қара қанат қылып ұшырдың, жал құйрығымды сүзіп, бәйгігі қостың. Ешкімнен жеңіліп көрмеді едім, осы жолы жеңілдім» депті. Араға бірер жыл салып барып, Жанғабыл құдасы Дәркембайдың үйіне түсіп, қонақ болады. Үйде құдасы болмай, құдағи кедей Жанғабылды жақтырмай қарсы алған көрінеді. Уақыт күз болса керек. Құдағи құдасына бір лақ сойдырып, қонақ етіпті. Түннің бір уағында құдасы Дәркембай келіп әйелінен: «құда, қонақасын жедіме? – деп сұрағанда, ұйқылы ояу жатқан Жанғабыл төсектен басын көтеріп:

«Құдағи ұзын бойлы, терең ойлы,  
Әкелді де қонағына лақ сойды.  
Жартым етін қазанға салдыр да,  
Жарым етін өзіне алып қойды.  
Үйіне қонған үш қонаққа,

Қонақасы болар, болмас әрең болды» – деп өлеңдеткен екен. Құдасының сөзіне шыдай алмаған Дәркембай түннің бір уағында қоралы қойдан бір тоқты әкеліп бата сұрап, қайта қазан көтертіп, құдасын құрметтеп, ертесінде Жанғабылдың алдына 100 қой салып, шығарып салыпты.

## ОЯЗДЫ МОЙЫНДАТҚАН ЖАНҒАБЫЛ

Сарыжаз ауылында көзі ашық, көкірегі ояу Қабылбек Сауранбаев деген қарияны көзіміз көрді. Сол кісінің Жанғабылды көрген адамның бірі болған. Қария ел ішіндегі әдеби мұраларды жинаумен айналысып, көп еңбектеніп жүретін. Қабылбек қарияның бір естелігінде «Жанғабыл Әтекеұлы – сұңғақ бойлы, қараторы, сұлу-сымбатты еді. Атағы Ұлы жүзге мәлім, шешендігімен танылған. Тіршілігінде дүние құмай, барымен өмір сүрген. 1908 жылдары болыстыққа бір тиын шығармай, болыс болған. Разақ пен Диқанбай болыстыққа таласып, оязға пәрені сылқытып бергенін көзімен көрген Жанғабыл бір күні оязға кіріп:

– Сіз екі жақтан да пәрені көп алдыңыз. Шар да тең болды. Сондықтан қалыс болыс сайламаңыз, қиын болады, – дейді. Сонда ояз тұрып:

– Кімді сайлаймыз? – дейді.  
– Тағай болса, үндемейді, – дейді Жанғабыл. Ал Тағай тұрып,  
– Жанғабыл қалыс болыс болсын деп жолын бергенде екі жақ ақылдасып, Алжанға болыс болып, Жанғабылды сайланыпты.

Жанғабыл 1915 жылдары Жаркентке ақша құю үшін кетіп бара жатып, Іледен өтпек болады. Бірақ ол жердің күзетшісі жібергісі келмейді. Ол патшаның әйелі ұл тапқаны туралы болыстарға пакет әкеліп бара жатқан екен. Мұны білмеген болыстар бұл не десе:

– Патшаның әйелі түнде ұл тапты, соны хабарлауға барамын, – дейді. Бұл сөзді болыстар бұдан бұрын естігенін айтып, – Патшаның әйелі ұл

тапты деп, ішкелі екі ай болды ғой, – деп күзетшіні мазақ етіпті.

Болыстардың бұл сөзін ол оязға жеткізген. Ояз болыстарды жиып алып, «Сендер патшаны мазақ еттіңдер, мұны қайдан естідіңдер?» деп сұраққа алыпты. Болыстар біздер «Ұзынқұлақтан естідік», – деседі.

– Ұзын құлақ деген не? – деп сұрайды ояз.

– Біз ақылдасып жауап берелік деп, сосын имам мен болысты шақырып, алдағыны болжайтын адам болады деген пәтуаға айтқызады тақсыр. Міне осындай алдағыны болжайтын адамды «Ұзын құлақ» деп атайды. Содан естідік деп, Жанғабыл албанның би-болыстарын ояздың қаһарынан арашалап қалыпты.

## БІР ТҮНДЕ ҮШ ҚАЗАН АСҚАН

Жанғабыл албанның көп жақсыларымен бірге Қытай жеріндегі қызайдың Дарубай деген ақалақшының үйіне түсіпті. Уақыт жаз айы болып, Дарубай келген қонақтарына сүрі ет сал,



албандарда қазіргі кезде сүр жоқ деп, қыстың соғымынан қалған сүрі етті қазанға салғызыпты. Сүрі еттің иісі бұрқырап, дастарханға келгенде асқа қонақтардан бата сұрайды. Батаны Жанғабыл беріпті: «Аумин деп бата берсем, Өрдегі қызай сүрі жейді, Біздің албан тірі жейді. Бұл сүріңді алып кепсің, Бұл сүріңді кімің жейді, – деп қолын жайыпты.

Қонақтарынан Дарубай қатты ұялып, «онда күріш басып, үстіне қазы, қарта, жая тұрап алып келіңдер» деп бұйырыпты. Күріш пісіп, дастарханға келгенде Жанғабыл қайта ықылас жасаған екен: «Бұл әкелгенің ит быламық, Біздің елге барсаңыз. Бізде осыны қылалық, Аумин» деп батасын қайырыпты. Дарубай ақалақшы Жанғабылдың ықыласына шыдай алмай «тірі қой әкеліңдер, тірі қой» деп жігіттеріне бұйырып, қой сойғызыпты. Сонда Жанғабыл тұрып: «Е, Дарубай! Албан, қызайдың дәстүрі осы емес пе?» деп, бір түнде ақалақшыға үш рет қазан астырыпты.

## ЕСТІРТУ

Бір жылдары Жаманақ деген бір дәулетті кісінің жылқысын Жақай деген інісі Төте деген жерде бағып жүріп, қыстың қатты боранынан үсіп өліпті. Жақайдың өлімін Жаманаққа қалай естіртуге туысқан-туғандары қатты қиналып, уақытты соза беріпті. Туыстың басына түскен қайғылы жағдайды жақсы түсінген Жанғабыл «оны мен естіртейін» деп, Жаманақтың үйіне барыпты.

Ассалаумаликум Жаманақ,  
Барлық албан аман-ақ.  
Төтенің қайырымсыз бораны,  
Алып кетті Жақайды.  
Сабыр ет енді Жаманақ,  
Сабырсыз болсаң сен енді,  
Дұшпанның кетер табалап, – деп естіріп,  
көңіл айтқан екен.

## ШЕШІМ

Жанғабыл шешен көп дауға қатысып, өз байламын әділ айтқан адам. Бір жылдары ауылға бір атты кісі атына түсіп, үйден дәм татып аттанып жатыпты. Қолында бір шыбығы бар кішкентай бала жолаушының атының шабын шыбығымен түртіп жіберсе керек. Шошынған ат ала қашқанда аттың үстіндегі кісінің бөрік түсіп, жал етіп құлап түсіп, жарақат алыпты. Баланың қылығына бола ол биден құн сұрап барса керек. Болған жайды тыңдаған би, оны Жанғабыл шешенге жіберген көрінеді. Жанғабыл арызданушыны тыңдап болып:

– Ер құны елу ат, – дейді. Арызданушы бұған риза болып қалса керек. Алайда Жанғабыл қолына бір шыбықты алып, үшке бөледі де:

Мынау аттың шабына шыбық жүгірткен баланың жазасы, ал мынау баласына дұрыс

тәрбие бермеген шешесінің жазасы дейді де, мынау басындағы бөрікіне ие болмағанның жазасы деп әлгі адамның алдына сынған шыбықты тастапты. Шешеннің бұл шешіміне әлгі арызданушы үндей алмай орнынан тұрып кетіпті.

## ТАПҚЫРЛЫҚ

Диқанбай он бес адаммен Қарқара жаққа жүріп, кеш батқанда Қызылбұлақта жайлауға көшпей қалған Жанғабылдың үйіне қонуына тура келген. Сыйлы қонақтарға қонақасы беруге жағдайы келмесе де Жанғабыл көп абыржымай қарсы алып, үйіне түсірген. «Жолдан шаршап келген боларсындар, демала тұрыңдар», – депті барын алдарына қойып, өзінің бір ағайына «мына кісілердің мініп келген он бес атының ең семіз біреуін сойыңдар, жауабын өзім беремін», – деп қонақтарды сөзге айналдырып, біраз отырса керек. Әңгіменің қызығына түскен Диқанбай бір кезде жанында отырғандарға: – Жанғабылда ештеңе жоқ сияқты еді. Бізге асып жатқан ет өзіміз мініп келген атымыздың біреуі болмасын, біреуің барып аттарды түгендеп келіңдер деп біреуіне. Аттарды түгендеп келген жігіт бір аттың жоқ екенін айтқанда, Жанғабыл: «Аяқты мал алысқа кетпес, қайда кетер дейсің, ешнәрсеге алаң болмаңыздар. Мен іздеу салғызамын, бүгін табылмаса, ертең табылып қалар», – деп Диқанбайдың күдігін басқан. Дастарханға буы бұрқыраған жылқының еті келіп, қонақтар тоя жепті. Ертесінде қонақтар аттарын ертеп, кетпек болғанда бір аттың жоқтығы білінгенде, Жанғабыл өзі мініп жүрген көк шолға атын ертеп, Диқанбайдың алдына әкелтіп. Жанғабылдың тапқырлығы мен қиындықтан шыға білген Диқанбай іштей риза болып:

– Байғұс қу кедей, мен саған жүз қой, бір үйір жылқы бердім, алып ал деп, Қарқараға жүріп кеттіңі. Айтқан сөзінде тұратын бай кейін Жанғабылдың өзі келмесін біліп, малды әкеп берген екен.

## СӨЗ ҚАДІРІ

Жанғабыл, Диқанбай және Нөкенің жастары қарайлас болған және жақын туыс, ағайын болумен қатар, сөз қадірін жақсы түсініп, сыйласа білген. Бір жолы Жанғабыл Диқанбайдың үйіне кетіп бара жатып, жолай Нөкенің үйінен түсіпті. Нөкенің әйелі қонағына нан мен шай қойыпты. Сонда дастархан басында отырған Жанғабыл:

– Кеуде жолмен мен жүрсем, қарасуды аралап,

Менен бұрын жетіпсің, қатырма нан қара шай,  
Қайдан келдің сен, менен бұрын аралап, – деп дәм татып. Диқанбайдың үйіне барыпты. Байдың әйелі Жанғабылды кедейсініп, онша жақтырмай айран құйған көрінеді.

– Ей айран, айран!

Келдің қайдан.

Бетіңде қаймағың жоқ,

Айырлысың майдан.

Жап-жалаңш болып,

Шыға келдің қайдан? – деп алдына қойған дәмді ауыз тиіп аттаныпты. Екі үйден де жолы болмаған Жанғабыл кешке қарай Нөкенің үйіне қайта келген. Үйдің жанын маңында жаңадан басылған киіз үйдің киізін көріп, қонақ болыпты. Түнде қатты жаңбыр жауып, тоқтамапты. Үй іші қатты ұйқыға кеткенде Жанғабыл қалтасынан бәкісін алып, туырлықтың екі-үш жерін кескіліп, пышақтап қайта жатқан. Бір кездері тесілген жерден су ағып, үйдің ішін қатты әбгерге түсіпті. Түнімен туырлыққан аққан жаңбырдың суына малынған үй іші Жаңқабылдан ұялғандай болады.

Сонда Жәкен Нөкеге қарап:

– Біреу таппай құрып отырса, біреу жаппай құрып отырады екен деп қағытқан екен. Нөке қонағының сөзін түсініп, ертесінде жаңадан басылған киіз үйінің киізін беріп, шығарып салыпты.

## ҰЗАҚ БАТЫРДЫҢ БАҒАСЫ

1916 жылғы Албан көтерілісінің басшысы Ұзақ батырмен де Жанғабыл жақсы сыйласып, қатар жүрген. Бірін-бірі толықтырған тұлғалар бар ғұмырларында сыйласып өткен. Бірін-бірі іздеп, жүріпті. Бір отырыста Батыр Ұзақ Жанғабыл туралы айтқан деген әңгімесі елген тарапты.

– Жанымызда жүрген жақсының қадірін білмейміз. Өрісте жылқысы, қорада қойы, қолында билігі барды жақсы дейміз. Бұл аз ғана уақыттың абыройы. Меніңше, жалғыз атпен жүрсе де кедейлікке мойымаған, ісі Албан-Бұғы таныған, шаршы топта аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген, кеудесі кеңес, тілі жүйрік бұл Албанда байқауымыша Жанғабыл жақсы. Шешен мен ақын ілуде дүниеге келер біртума жандар. Жанғабыл сол біртуар дананың өзі. Төлеби, Қазыбек, Әйтекенің Албандағы тірі көзі – деп бағалаған екен.

## Жексен АЛПАРТЕГІ

Алматы



■ СПОРТ

# ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ҮЗДІК ОНДЫҚҚА ТАЯП ҚАЛДЫ

Жанкүйер қауым бүгінгі күні Индонезияда өтіп жатқан Азида-2018 олимпиадасында сынға түсіп жатқан спортшыларымызға тілекші болып отырғаны белгілі. Ел намысын арқалаған дүбірлі дода қатысушылары да үмітімізді ақтауға барын салуда.



Жарыстың алтыншы күнінде Қазақстан құрамасының спортшылары 8 медаль (1 алтын, 1 күміс, 6 қола) иеленді. Бұған дейін Азия ойындарының алғашқы күні қазақстандықтар алтын, күміс және екі қола медаль жеңіп алған-ды. «Алтынды» семсерлесуші Дмитрий Алексанин, «күмісті» еркін күрестен Данияр Қайсанов, дәл осындай спорт түрінен Саятбек Оқасов пен Әділет Давлұмбаев қола медальдарды иеленген-тұғын. Азия ойындарының екінші күні ел қоржынына «күміс» жүлдені әйелдер күресінен Жұлдыз Ешімова салды. Сонымен қатар, таеквондошы Фариза Алдоңғарова тағы бір қола медальды еншіледі.

Алтыннан кейінгі күміс жүлдені ұлттық құрама қоржынына таеквондошы Жансел Дениз, балуан Алмат Кебіспаев, судағы полдан Қазақстанның әйелдер құрамасы салған болатын. Ал қола медаль маунтинбайкер Кирилл Казанцев, балуандар Элмира Сыздықова мен Мейрамбек Айнағұлов, таеквондошы Руслан Жапаровқа бұйырды.

22-тамыз біздің еліміз үшін медаль жауған күн болды. Қазақстан қоржынына құрлықтағы бәсекенің тағы да 8 медалі түсті. Ауыр салмақтағы балуанымыз Нұрмахан Тінәлиев күміс медаль иеленсе, ал 7 қола медальді жүзуден Дмитрий Баландин, семсерлесуден Қазақстанның ерлер мен әйелдер құрамасы, таеквондошы Нұрлан Мырзабаев, балуандардан Ерулан Ысқақов пен Азамат Қыстаубаев, ескек есуден Александр Куликов



иеленіп, ел қуанышын еселей түсті.

Азиаданың төртінші күнін Қазақстан жалпы рейтингте 12-ші орынмен тәмәмдады. Әр медальдың орны бөлек екені сөзсіз. Бірақ алтынның аты қашан да алтын емес пе?! Спортшыларымыз асыға күткен «алтын» медальға қол жеткізіп, еліміздің абыройын асқақтата түсті. Атап айтсақ, велошабандоз Алексей Луценко Қазақстанның еншісіндегі



екі алтын медальдің бірінің иегері. Сонымен қатар, суда жүзуден Әділбек Мусин, таеквондошы Ерасыл Қайырбек, академиялық ескек есуден Александр Очапанов, стэндтік атудан Мария Дмитриенко қола медальға ие болды. Жалпы, Қазақстан спортшылары 2 алтын, 6 күміс, 18 қола медальмен Азиаданың бесінші күнін 12-ші орынмен қорытындылады. Әрбір күніміз жүлдесіз болып



жатқан жоқ. 25-тамыз күні де қанжығамызда 8 медаль. Шашасына шаң жұқтырмаған жүйрігіміз, велошабандоз Алексей Луценко құрамаға үшінші «алтынды» салса, күміс медальды жұптаса шыққан теннисшілер Александр Бублик пен Денис Евсеев алып берді. Қола медальге джиуджитусудан Нұржан Сейдүәлі мен Нартай Қажеков, Гүзәл Айнитдинова-Анна Данилина мен Александр Недовесов-Анна Данилина теннисші жұптары, жүзуден Дмитрий Баландин мен дәл сол спорт түрінен Қазақстан ерлер құрамасы қол жеткізді. Осылайша, Қазақстан құрамасы 34 медальмен Азия ойындарының жалпы рейтингінде әзіргі 11 орынға табан тіреді.

Әлем көз тіккен осынау дүбірлі жарыста джиу-джиутсудан 62 келіде сынға түскен Дархан Нортаев жеңімпаз атанды. Дархан 1/8 финалда қырғызстандық Әбілдабек Кекеновты 2:0 есебімен жеңсе, келесі айналымда Біріккен Араб Әмірліктерінің спортшысынан 4:0 есебімен басым түсті. Ақтық сында Біріккен Араб Әмірліктерінің тағы бір спортшысын жеңген Дархан Азия чемпионы атанып, Қазақстан қоржынына төртінші алтын жүлдені салды.

Спортшыларымыздың әрбіріне сәттілік серік болып, көк байрағымызды көкте желбірте бергей.

qazaquni.kz

Меншік иесі:  
«Қазақ үні» ЖШС  
**ҚАЗАҚ ҮНІ**

Президент –  
Редакторлар кеңесінің төрағасы –  
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –  
Зейнолла АБАЖАНБас редактордың орынбасары –  
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:****Астана тілшілер қосыны:**

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**

Айтқын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

**Батыс Қазақстан облысы:**

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

**Жезқазған қаласы:**

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

**Сәтбаев қаласы:**

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

**Қарағанды облысы:**

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

**Маңғыстау облысы:**

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

**Түркістан облысы:**

Әбдіғалпай АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –****Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН****Тарату бөлімі:****Алматыда:**

Асхат ТЕЗЕКБАЕВ

(8-701-499-27-80); (8-777-115-13-49)

**Астанада:**

Айтқали ТАБЫС

(8-705-266-38-82; 8-707-751-95-40)

**Шымкентте:**

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш» (87015728847)**

дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат****министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.****Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік****№1270-Г, 01.08.2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000****ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380****Редакцияның мекен-жайы:**

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**

8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com****www.qazaquni.kz****Кезекші редактор –****Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК КЗ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

■ МӘДЕНИЕТ

## ШАПАННАН НЕГЕ ШОШИМЫЗ?

Түркістан базарына кірсен, қаланып тұрған шапан. Көздің жауын алады. Кірсе – шыққысыз. Бірақ, әлгі шапандардың жанына барып саусағыңмен сипалай бастасан, ою-өрнектері ширатылып, қабыршақтанып үгітіле бастайды. Басым бөлігінің – аппликация екені көрініп тұр. Колонер шеберлері жақсы біледі, аппликация деп отырғанымыз, сапасыз жұқалған қиындыларды өрнектеп, желімдеп үгіктеп жапсыру.

Бұл – уақытша дүние. Сондықтан да, кара базарда Қытайдан жеткізілген шапаныңыз тең-тең болып үйіліп жатыр. Біртіндеп аласыз ба, келілеп аласыз ба, ешкім қолыңызды қақпайды. Арзан болған соң ба (Түркістан базарында 3-5 мыңның арасы), сол шапандар сөмке ішінде умаждалып, жиын-құдалықтарда көшіп жүр. Тойға барса шапансыз қайтпайтын аты дардай ағаларымыздың үйінде де осынау сый-кәдеге келген «құрметті киім» сандықта иленіп жатыр. Шетінен суырып алып, мерейтойлар-

да сыйлы ағаларының иығына жауып жатқандары.

Әсіресе, тойда, қарияларды қаз-қатар тізіп қойып, шапан жаба бастағаннан-ақ, олар әлденеден шошынғандай, іле иықтарынан шапандарын жұлып алып, пакеттеріне тоғытып жатқандарын байқайсың. Кигісі келмегені. Денеге қонымды, тәуір болса киеді ғой. Шалғайларына сүрініп, олпы-солпы болып жүргісі келмейді. Қалпақтары да ыңғайсыз. Шүйденнен сырғып, мұрныға түсіп, мазаңды алады. Екі бүктелген бөріктері де басыңа картон қаптағандай біртүрлі қолайсыз.

Атам заманнан құрмет пен ізет белгісіндей болған осы қадірлі киімімізді тым сайқымазаққа айналдырып алған жоқпыз ба деп ойлайсың кейде. Байдың да, жарлының да иығына жауып жатырмыз. Ілгеріде құрметті қонаққа, ақынға, батырға, палуанға, елге еңбек сіңірген ардақты, айтулы азаматтарға ғана шапан жабылатын. Бұл «батыр», «ақын», «палуан» деген құрметті атақтардан кейінгі берілетін құрметтеу, сый-сияпат, ма-

рапат, мадақ белгісі. Онда да қандай шапан десеңізі! Тысы мен астарының арасына жүн немесе мата салынып, сырты шұға, барқыт сияқты әдемі, мықты матадан қапталып, іші астарланатын. Жібек, барша сияқты бағалы маталар пайдаланылатын. Өңірі алтын жіппен оқаланып, өшекейленетін. Қысқасы, қазіргі той-құдалық шапан қадірін түсіріп бітті.

Шапан жабу – біздің дәстүр ғой. Олай болса, неге біз шапан тіккіштерден құрметті киіміміздің тарихи кейпін сақтауды талап ете алмаймыз? Әлде, олпы-солпы киім ұнай ма бізге? Мейлі, қымбат-ақ бола қойсын, денеге қонымды, етек-жеңін жинақы, жарасымды етіп тігу қиын ба? Оюын да тым жылтырата бермей, әлсіз сән үлгісіне салып кестелеп оқалауға болады ғой. Сонда ағаларымыз иықтарына жапқан шапандарын пакетке жасырмай, керісінше, тастамай киіп жүрер еді.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,  
ҚР Мәдениет қайраткері